



Ж. ЕЛШІБЕКОВ

СТУДЕНТТІК
МЕРИДИАНДАР





ЖАНАТ ЕЛШІБЕКОВ

СТУДЕНТТІК МЕРИДИАНДАР

„МЕКТЕП“ БАСПАСЫ


Алматы—1978

Студенттер қауымы үшін екі оқу семестрі бары белгілі. Ал, олардың еңбек жазы — «үшінші семестр» аталып жүр. Жыл бойына кітаптан қол үзбейтін жігіттер мен қыздар дала аудиториясында да жастық жігермен еңбек етуді тамаша дәстүрге айналдырған. Студент — құрылысшы... Студент — механизатор... Студент — жолсерік... Олардың үшінші еңбек семестрінде тындырған жұмыстары да көл-көсір

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдас партиямыздың XXV съезінде бір ғана құрылысшы студенттердің еселі еңбегін жоғары бағалады:

«...Ал, құрылысшы студенттер отрядтары ше? Оларға жастардың қандай құмар екенін бәріміз де білеміз. Және бұл отрядтар қыруар іс тындырып-ақ жүр. Тоғызыншы бесжылдықта олар шамасы 5 миллиард сомдық жұмыс көлемін атқарды. Олардың еңбек тәрбиесі мектебі ретіндегі маңызын да айтып жеткізу мүмкін емес». Әрине, бұлардың арасында казакстандық студенттер де бар.

Журналист Жанат Елшібековтың «Студенттік меридиандар» атты кітабында дала төсін еңбек дүбіріне бөлеп жүрген студенттік отрядтардың өмірі әр қырынан әсерлі әңгімеленеді. Алып құрылыстар салып, алтын дән бастырып жүрген студенттер жайында сыр шертеді.



БІЛІМ, РОМАНТИКА, АРМАН! СТУДЕНТТІК БАСПАЛДАҚТАР

Студент... Осынау жалғыз ауыз сөзді естіген сәтте әркім-ақ көз алдына самаладай жарық та, зәулім оқу залдары мен аудиторияларды елестетеді. Лабораториялар мен кабинеттер... Түннің бір уағына шейін шамы сөнбейтін кітапхана мен студент жатақханалары да бірінен соң бірі жанарында көлбеңдер еді. Қай-қайсысының есігін ашсаңда кітапқа үнілген студентті көресің.

Білім теңізінің шалқарына құлаш ұрған оларды сәл сәтке мазалап, көңілдерін бұзғың келмейді. Сан-салалы үлкен ғылымның тұңғық сырларын жалықпай оқып-үйренсем, оның небір құпияларын жетік меңгерсем деген құштарлық пен ынтаны кез келген студенттің бойынаң байқауға болады. Бұл — студент қауымына тән тамаша қасиет.

Қиыншылығы мен қызығы қат-қабат студенттік өмірдің табалдырығынан екінің бірі оп-оңай аттап жатпайтыны анық. Бала жастан армандаған, қиялдаған мамандығың өз-өзінен тізгінің қолыңа ұстатпаса керек. Талаптанушылар да, талпынушылар да көп. Ұланғайыр республикамызда жылма-жыл жүздеген мың өрім жас орта мектеп бітіреді. Ал, қолдарына аттестат алған қыздар мен жігіттердің денін тағы бір үміт үлкен жол-

ға бастайды. Оларды жоғары оқу орындары — білім ордалары шақырады.

Сонымен, кең байтақ республикамыздың барлық нүктесінен жүрек қалауымен келген абитуриенттер білім сайысында кездеседі. Ең жауапты да үлкен сынға түседі. Емтихан тапсырушылардың кез-келгенінің көкейінде жалғыз арман — студент атану. Университет пен институт, техникум мен училище табалдырығынан студент болып аттайтын алғашқы күннің қуанышына тағатсызданады.

Жүрек лүпілдері... Алғашқы емтихан... Мазасыз минуттар... Албырт абитуриенттердің баршасына ортақ штрихтар бұл. Документ өткізіп, тілек білдірушілердің шетінен сын сағатынан еркін өте шықпайтыны белгілі. Өйткені, жоғары оқу орындарының әр факультетіне кемінде жеті, сегіз... тіпті қайсыбірлеріне бір орынға оннан астам адам талап білдіреді екен. Демек осынау ең үлкен білім сайысында тек үздіктердің үздіктері ғана сүрінбейді. Жауапты сында дараланған кешегі абитуриенттер асыға күткен «Студент» деген құрметті атаққа ие болады.

Мінеки, студенттік өмірдің есігін тұңғыш қағардағы естен кетпес штрихтар. Бір кездегі заңғарларға самғайтын қиял құсы қолыңа қонып, арманның алыс көкжиегі көрінгендей. Ұмытылмайтын, есте естен шықпайтын студенттік жылдар ендігі жерде тек ілгері жетектей береді, жетектей береді. Алғашқы күннен-ақ институттың ішкі өміріне еркін араласып кетуіңе бар жағдай туады. Аудиториядан шыққаннан кейінгі уақытыңды түрлі үйірмелерге, қоғамдық жұмыстарға арнайсың. Қай істе болмасын жарқылдап, жалындап көріну де студентке тән ерекшелік. Институттағы, факультеттегі, курстағы алуан-алуан мерейлі істердің үлкен ұйытқысы болғанға не жетсін, шіркін!

Студенттердің жан-жақты терең білім алуына, ғылы-

ми және қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына тікелей басшылық жасап, бағыт-бағдар сілтеуде жоғары оқу орындарының партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары әрқашанда аялы алақан көрсетіп отырады. Жоғары оқу орындары жүргізетін бүкіл оқу-тәрбие жұмыстарының өзекті де күрделі саналатын буыны — студенттерге идеялық тәрбие беру. Сондықтан осынау бағыттағы атқарылар, жүргізілетін жұмыстардың жемісті де нәтижелі болуына айрықша мән беріледі.

Елімізде коммунистік құрылыс жыл өткен сайын құлашын кеңге сермеп, қанатын айқара жаюда. Әр күн соны жаңалықтарға толы. Жаңа ұрпақ қарышты қадам жасап келеді. Ғылым мен техниканың үздіксіз дамуы көп өзгерістер туғызып, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды да жаңарта, жаңғырта түскені аян.

КПСС XXV съезінің тарихи шешімдерін іс жүзінде асыру жолында жоғары оқу орындарының партия комитеттері болашақ мамандарды коммунистік рухта тәрбиелеу мен дәйекті білім беру мәселесіне бар назарды аударып отыр. Себебі, қазіргі таңда талап та, талғам да аса жоғары. Бұл жай халық шаруашылығына арналған маман кадрлар даярлау саласында да айқын байқалады. Халық шаруашылығы жас мамандарға биік талап қояды, орынды да, заңды талап. Білімді де білікті маман кадрлар әзірлеу ісін барынша жетілдіріп, дамыта берудің маңызы зор.

Советтік Қазақстанда да жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жүйесі жақсы өрістеп келеді. Жастардың жан-жақты терең білім алып шығуына, қалаған мамандықтарына қол созуына барлық мүмкіндіктер жасалынып отыр. Сонымен қатар мұндай қамқорлық аясы өз шеңберін жыл санап кеңейтуде. Игілікті істің шынайы көрінісін күнбе-күн байқап та жүрміз. Оның айғағы — жылма-жыл өз түлектеріне есігін айқара ашып жатқан жаңа білім отаулары болса керек.

Қарағанды мемлекеттік университеті, Алматы энергетика және темір жол институты, Талдықорған, Арқалық, Жезқазған педагогика институттары — өткен тоғызыншы бесжылдықтың төл перзенттері. Ал, күн шұғылалы республикамызда мұндай жоғары білім ордларының өзі елуден асады. Олардың қабырғаларынан жылма-жыл ұшып жатқан жас түлектер саны қаншама?! Жоғары білімді жастарды халық шаруашылығының барлық саласынан жолықтырасың. Жас мамандардың еңбек ететін адрестері де алуан-алуан. Бір ғана мысал — тоғызыншы бесжылдықта республикамыз бойынша жоғары оқу орындарын 150 мыңнан астам қыз бен жігіт бітіріп шықты. Осыншалықты жас маман бүгінде халық шаруашылығына қызу араласып, барлық білімі мен жастық жігерін туған ел игілігін тасқындата, шалқыта түсуге жұмсауда.

Әр бесжылдықтар сыйлар қуаныштар қашанда мол болмақ. Жаңа оныншы бесжылдықта да республикамызда жоғары және арнаулы орта білім беру ісі одан әрі дамиды. Әсіресе, білімді өмірбақи жансерік еткен жастарымызға деген қамқорлық шексіз. Тоғызыншы сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясында бұл жайлар айрықша аталып, көрсетілгені белгілі.

Оныншы бесжылдықта республикамызда тағы да жаңадан жеті жоғары, он сегіз арнаулы орта оқу орны ашылып, өндіріс пен ғылымның перспективалы бағыттары бойынша маман кадрлар даярланатын болады. Демек, сапа бесжылдығы ішінде 175 мыңнан астам жас маман үлкен өмірге жолдама алады. Жоғарыдағы цифрлардың өзі-ақ біраз нәрсені аңғартады. Өткен тоғызыншы бесжылдыққа қарағанда кезекті бесжылдықта 20 мыңнан астам маман артық әзірленбекші.

Тоғызыншы бесжылдық комсомолецтер мен жастарға коммунистік тәрбие беру мектебі болды. Жиырма

бес миллионнан астам жас еңбеккер бесжылдықтың жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шықты. Жоғары үкімет наградаларына ие болғандары қанша ма?! Бесжылдықтың қырық мың жас гвардияшысы, оқу, жауынгерлік қызметтің үздіктері совет халқының аса қастерлі саналатын Жеңіс Туы жанында суретке түсті. Кешегі студент бүгінгі еңбек шамшырақтарының сапында қазақстандық студенттердің болуы да үлкен мерей.

Жоғары оқу орындарында сабақтың сапасын арттырумен бірге, студенттердің қоғамдық-саяси практикасына ерекше көңіл бөлінеді. Студенттер өз уақыттарын ұтымды пайдалана отырып, лекторлық, насихатшылық және көркемөнерпаздар үйірмелерінің жетекшісі секілді мамандықтарды жетік меңгеруге ұмтылады. Түйіндеп айтқанда — оқу мен қоғамдық жұмыс өзара тығыз ұштастырылған. Мұның өзі сапалы білім алудың қайнар көзі саналса, екінші қырынан келгенде жастардың саналы да салдарлы, тәрбиелі маман болып қалыптасуына ықпал етеді. Студенттер арасындағы жұмыс идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесінің тығыз бірлігіне жетуді нысаналы мақсат етеді.

Студенттерді еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, олардың оқуға деген жауапкершілігін күшейту, қоғамдық жұмыстарға белсенділігін арттыру — бәрі-бәрі күнделікті жүргізілер өзекті де маңызды мәселелер. Сонымен қатар студенттерді өз білімдерін дербес толықтыра білуге, ғылыми және саяси жағынан ұшқырлана түсуіне бағыт-бағдар сілтеудегі әрбір оқу орыны жүргізер жұмыстар ұшан-теңіз.

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттерін саяси және идеялық жағынан шындау барлық тәрбие жемісінің негізгі арқауы болуға тиіс. Студенттерге патриоттық тәрбие берудің интернационалдық көзқарасын нығайтудың мәні мен маңызы зор. «Еңбекшілердің, ең алдымен жас ұрпақтың санасында советтік пат-

риотизм мен социалистік интернационализм идеяларын, Советтер елі үшін, біздің Отанымыз үшін мақтаныш сезімін, социализм жеңістерін қорғауға әзірлік сезімін орнықтыру — партиямыздың аса маңызды міндеттерінің бірі болып келді және солай болып қала береді» деп атап көрсеткен болатын КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас партияның XXV съезінде.

Студенттер қауымы үшін ең басты мақсат — терең білім алу. Қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін студенттік жылдарды барынша тиімді әрі ұтымды пайдалану. Бар ынтаңмен құлаған мамандығыңның қырсырын жетік меңгеріп шығумен қатар болашақ үлкен ғылымға апарар баспалдақ та осы студенттік жылдар. Студенттік ғылыми қоғамның белсенді мүшелерінің көбін ғылымның заңдар биігінен көретініміз де заңды ғой дейміз.

Сонымен қатар елімізде туындап жататын небір тамаша бастамалардың иесі де студент жастар екені баршамызға аян. Жоғары оқу орындарының студенттері оқуды өндірістік еңбекпен терең ұштастыруда. Біздің Отанымызда студенттер араласпайтын бірде-бір еңбектің түрі жоқ. Совет студенттері тек институт қабырғасында алған білімдерімен ғана тұйықталып қалмайды, сондай-ақ олар практикалық жұмыстарды да меңгеріп, еліміздің түрлі-түрлі алып құрылыстарында еңбек етуді игілікті дәстүрге айналдырған.

Сондықтан да студент жігіттер мен қыздарды құрылыс алаңдарынан, заводтардан, шалғайдағы малды ауылдардан, алтын алқапты тың даласынан көріп жүрміз.


Бүгінгі таңда еңбеккер студенттерді жаз айларында республикамыздың көптеген аудандарынан жолықтырғанымызға еш таңданбаймыз-ау. Өйткені, олар дала ерлерінің жыл сайын тағатсыздана күтетін қадірлі қонағынан саналады.

Құрылысшы-студенттер отрядтары қазірде совет жастарын еңбекке баулудағы ғажайып мектепке айналып отыр. Студент қауымының әр курсына екі-ақ семестр болатыны белгілі, ал олардың жаз айларындағы қоғамдық жұмысы «үшінші еңбек семестрі» деп аталып жүр.

Жыл бойғы оқуда болашақ маман білімнің шеңберін кеңейтіп, өзі тандаған мамандығының хас шебері болып шығуға талаптанса, енді ол еңбек семестрінде білегін түріп жұмысқа араласады. Өмірдің тағы бір қырында — еңбек майданында сынға түседі. Бұл — студент үшін аса жауапкершілікті де маңызды семестр. Әр жаз студенттерге ерекше міндеттер жүктейді, тапсырманың табыспен қорытындылауын қадағалайды да.

Он төрт жылға жуық өзіндік тарихы бар құрылысшы-студенттер отрядтарының атқарған жұмыстары мен тындырған істерінің саны да, сапасы да көл-көсір. Мұның баршасы жоғарыдағы сөз еткен қарлығаш бастамалармен бірге келген үшінші еңбек семестрінде игерілді. «Үшінші еңбек семестрі» дегенді білмейтіндер некен-саяқ.

Ендеше ендігі бағыттар әңгіме арнасын да солай қарай бұрайық. Сонымен...



«ҮШІНШІ СЕМЕСТР» НЕМЕСЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ ПЛАНЕТАСЫ

Студент-құрылысшы.... Студент-механизатор.... Студент-жолсерік...

Осы бір қарапайым атаулардың естілуі қаншалықты лепті болса, бұл сөздердің аясы да соншалықты кең. Жыл бойына кітаптан қол үзбеген қыздар мен жігіттер соңғы сынақтарын тапсырысымен дала аудиториясына аттанады. Әрбір институтта жасақталған ондаған құрылыс отрядтары, механизаторлар отрядтары бірінен соң бірі үздіксіз үлкен сапарға шығады. Сондай-ақ студент проводниктер де өздерінің үшінші еңбек семестрін болат жолдың бойында өткізеді.

Жол ұзақ... Жол тарам-тарам... Бірі екпінді құрылыстарға, бірі малды ауылдарға, енді бірі диқандардың дала қостарына жетектейді. Кейбір отрядтар ежелден таныс адрес бойынша сапар шексе, қайсібір отрядтар бұрын көрмеген болмаған ауылдарда тұңғыш рет еңбек жазын өткізбек. Жүректер алып-ұшып келеді қыр қармандарының ортасына. Жыл сайынғы сурет. Бәрі-бәрі таныс. Бұл жолмен кей студенттер екінші, үшінші рет келе жатса, енді біреулері еңбек аудиториясының есігін алғаш ашып отыр емес пе? Қашанда орталарын думан мен шаттыққа орап, ән мен күйге бөлеп жүретін студенттік отрядтар өздерінің ұмытылмастай қолтаңба-

ларын қалдырады. Студенттің құрыш қолымен қаз тұрған әсем ғимараттар, сәулетті көшелер, мектептер мен клубтар... Мал қоралары мен астық қоймалары... Олардың саны қисапсыз-ақ. Өрнекті өрілген әрбір кірпіш, алтын ағысқа астасқан әрбір маржан дән студент маңдайынан тамшылаған мөлдір тамшыдай. Жастар жүрген жерде әрдайым із қалады. Қол-көсір тасқындаған табыс селінен студент еңбегін көріп қуанамыз. Олар тындырған алуан-алуан жұмыстарды, цифрларды тізбектемей-ақ ретіне қарай сөйлетіп отырғанды жөн көрдік.

Еңбек отрядтарының қай-қайсысы да қазір де коммунистік тәрбиенің тамаша мектебіне айналып отыр. Елімізде ең алғаш студенттік құрылыс отрядтарын құру 1959 жылдан басталды. Игі бастаманы тұңғыш рет іліп әкеткен Москваның Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің студенттері.

Әрине, бұрын-соңды болмаған соны жаңалық әркімнің-ақ құлағын елендеткен. Физика факультетінің үш жүзден астам студентінен жасақталған тұңғыш құрылысшылар отрядтарының алғашқы еңбек жазын күн шұғылалы біздің республикамыз — Қазақстанда өткізуі зор мақтаныш. Құрылысшы студенттер Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында еңбек етті. Бастама иелері ғажап еңбек үлгісін көрсете де білді. Дала ерлері де астаналық жастарға бар ыстық ықылас байқатып, мейірім шуағын төге білді. Туған ауыл түлектеріндей ерен еңбек еткен отряд мүшелері өз тартуларын сыйға тартты. Ауданның үш совхозында үшінші семестрлерін өткізген құрылысшы студенттер қолыменен он бес тұрғын үй және бес үлкен мал қорасы бой көтерді. Әрине, бұдан он сегіз жыл бұрынғы бұл цифрлар бүгінде тым аз көрінуі мүмкін. Сөйтседағы студенттер құрылыс отрядтарының тарихына өшпестей жазылған. Еңбек жазының алғашқы парақтарына үнілген сайын алуан игі

істер куәсі боласын. Құрылысшы жастар еңбек етумен бірге село еңбеккерлері арасында мәдени жұмыстарды да сан-салалы бағытта жүргізе білді. Түрлі тақырыптарда лекциялар оқып, бірнеше концерттер берді. Спорттың көптеген түрлерінен жарыстарды жүйелі де жоспарлы өткізіп тұрды.

1963 жылға дейін мұндай құрылысшы студенттер тек Москва, Ленинград, Киев қалаларындағы жоғары оқу орындарында жасақталатын. Жақсы бастаманың өрісі қашанда кең. Алпыс үшінші жылдың жазынан бастап біздің республикамыздың көптеген институттарында да ең алғашқы отрядтар ұйымдастырылып, үшінші еңбек семестрінің әліппесін ашты.

...Әр күні жаңалыққа толы студенттік шақтың қатқабат тіршілігі үнемі алға жетелейді. Уақыт талабына орай туындап жататын игі істер ұйытқысы, жаңа бастамалар мен ұсыныстар иесі де — студенттердің өздері.

Сонау бір жылдың шыжыған жазында Баянауыл даласында (Павлодар облысы) В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институты студенттерінің тың бастамасымен ұйымдастырылған Алматы қаласының құрылысшы-студенттер отряды тұңғыш рет өз туын көтерді. Жапан түзде студенттер ауылы — ақ шатырлар бой түзеді. Ертеңінде-ақ, баянауылдықтар арасында құрылысшы-студенттер жайлы әңгіме бірден-бірге тарап кете барды. Гу-гу әңгіме.

— Мына, жалаңтөстерің кім?

— Студенттер дейді ғой.

— Қайдан жүр өздері?..

— Сонау Алматыдан, «үшінші еңбек семестрі» атты бастама көтеріпті.

— Не тындырмақшы сонда?

— Құрылыс салатын көрінеді: тұрғын үй, клуб, монша, мал қораларын тұрғызады.

— О-хо... нағыз азаматтар ғой. Еңбекқор жігіттер десенші!..

— Солай...

Шалғайдағы ауыл адамдарының арасында жас түлектерге үлкен сенім артқандары да, «эй, құр даурықпалық боп жүрмесе» деп күдік білдіргендері де ұшырасты.

Дала төсін еңбек дабылына бөлеген романтиктер алғашқы күннен-ақ жастыққа тән жалын танытты. Отрядтағы әр студент бүгіннен гөрі болашақтарына нық сеніммен көз жіберген. Тамаша бастаманы жалғастырушы, ілгері апарар әріптестерінің қатары жылма-жыл толыға түсетінін де білді. Өмірге, жаңалыққа құштарлар қай жерде болмасын кездескен қиыншылыққа қасқая бетпе-бет тұрып, жастық жүрегінің дүрсілін естіртті. Сонау бір сұрапыл жылдардың отына оранып, жалынына шарпыған алау жүрек Турксиб темір жолы құрылысында, Балқаштың алып мыс қазанында қайнаған, кешегі қан майданда да от кешкен жалын жүрек комсомол. Одан бері де ерлікке пара-пар алуан-алуан жұмыстар игеріліп келеді. Күні кешегі тың көтерген жастардың ізін-ала шыққан жетпісінші жылдар жастары ғасыр күретамыры — БАМ-ды салуда. ВЛКСМ-ның XVII съезі өтіп жатқанда Кремльдің Съездер сарайынан Байкал-Амур магистралының құрылысына алғашқы еріктілер отряды аттанса бүгінде БАМ-да 35 мың жігіт пен қыз еңбек етіп жүр. Олардың сапынан қазақстандық жастарды да көресін.

Ағалар жолы қашан да ардақты. Олардың ізбасарлары өздерін бейбіт өмірдің еңбек майданында сынап көрді. Жауапты сындардан мүдірмей өтті де әркез. Сонымен, құрылысшы-студенттер құрыш қолымен бой көтерген құрылыстар сап түзеп, алғашқы «студенттер көшесі» де дүниеге келді. Жапан далада осылайша алғашқы іздер де түсе бастады.

— Құрамында 600-дей мүшесі болған құрылысшы-студенттер отряды 668 мың сомның қаржысын игеріп, отряд тарихының алғашқы парақтарын жарқын істерімен толтырған болатын,— дейді тұңғыш отрядтың командирі, В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының оқытушысы Сырым Бөкейханов.

Іле-шала Алматы халық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, физкультура институттарының, С. М. Киров атындағы Қазақ Еңбек Қызыл Ту орденді мемлекеттік университетінің, құрылыс, байланыс техникумдарының құрылысшы-студенттер отрядтары бірінен соң бірі аттанып жатты.

Содан бері құрылысшы-студенттер отрядтары жауынгерлерінің жүз миллион сомнан астам күрделі қаржы игергенін мақтаныш сезіммен айтқан абзал. Құрылысшы қыздар мен жігіттердің алтын қолымен тұрғызылған — студенттер көшесін Алматы, Талдықорған, Павлодар, Целиноград, Шымкент, Ақтөбе, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарының шаруашылықтарынан кездестіресің. Орайы келгенде айта кетелік, бір ғана С. М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университетінің студенттері осы жылдар ішінде құла дүзде ұзындығы жиырма шақырымдай болатын көше тұрғызыпты.

Талдықорған облысындағы «Қоржынкөл» қой совхозының орталығы Ақжар селосының тұрғындары «Студенттер көшесі» дегенді үлкен құрметпен атайды. Оның да өзіндік себебі бар. Бұдан жеті жыл бұрын Қаратал өзенінен шалғайлау иен құмның ішінен іргесін көтерген совхоз орталығының алғашқы көшелерін сызған Абай атындағы Қазақ педагогика институтының «Іздеушілер» отрядының құрылысшы-студенттері болатын. Сондықтан да болар «біздер оларды ұмытпаймыз» дегенді жиі естиміз.

Құрылысшы-студент есіміне байланысты көшелердің қатары жыл сайын көбейе түсетіні сөзсіз ғой...


Әрине, құрылысшы-студенттер еңбек ететін объектілері де сан алуан. Біздер Гагарин қаласын салуға қатысқан Алматы мал-дәрігерлік институтының «Достар» отрядының командирі А. Мадияровты сөзге тарттық. Елгезек, сөзге сараң жас жігіт қойған сауалдарымызға жауапты қысқа да, нақты қайырады.

— Құрылыс отрядының сапында екі жыл болып, алғашқыда Қырғызстанда, кейінгісін Смоленск облысындағы Гагарин қаласында өткіздік. Студенттік жылдардың есте мәңгі сақтар кездері мол ғой. Оның ішінде ғарышқа тұңғыш жол салушы Юрий Гагариннің туып-өскен жеріндегі 53 күн өзім үшін де, бірге болған достарым үшін де ұмытылмас сәттер болмақ. Отрядтың қырық бес мүшесі де тамаша еңбектерімен үздік көріне білді. Биқатша Жолаева, Бақыт Балайұлы, Вера Ловицекаялар — нағыз озаттар. Бұл тізімді одан әрі соза беруге болады. Олар көп.

Плотина құрылысында еңбек еткен комсомол-жастар 75 мың сомның жұмысын тындырды. Бос уақытты да барынша тиімді пайдалануды негізгі мақсат еттік. Кездесулер өткізілгені, түрлі тақырыптарда лекциялар, әсіресе Совет Одағының Батыр-космонавтары Шонин мен Поповичпен кездесу кешін ұйымдастырғанымыз өте әсерлі болды-ау деймін. Тұңғыш космонавт Ю. А. Гагариннің анасы Анна Тимофеевнамен отрядта өткен кездесудің әсері әр кез жаңғырыға берер.

Қазақстандық құрылысшылар, Москва мен Риганың авиация, Бакудің политехника, Смоленскінің физкультура институттарының студенттерімен бір сапта екенін көрсете білді.

Алып құрылыстарда орыс пен украин, латыш пен белорус, азербайжан мен қазақ жастары мәңгі достықтың символын — өз қолтаңбаларын осылайша қалдырды.



Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институты Алматы филиалының студенттік отрядтары үшінші еңбек семестрін болат жолдың үстінде өткізіп жүр

Мінеки, отряд жетекшісі шерткен үзік сырдың ұшқыны осындай. Енді бір сәтке медицина институтының студенті, өзінің еңбек жазын Тольятти автомобиль заводында өткізген А. Есжановтың қойын дәптеріне үңілейікші.

«...Ауыр доңғалақтар «тарс-тарс» әуенінен жалығар емес. Жолаушылар поезының Алматыдан шыққанына да екінші күн. Жол жеткізбейді. Орыс орманы қол бұлғаған бойы қалып жатыр, қалып жатыр. Сыңсыған мәуелі тоғай терең ойға шомып, қызықты бір ертегі тыңдаған күйі қалғып кеткен дерсің. Құрылысшы-студенттер орналасқан осынау вагондағылар да екінші күн думанда тып келеді... Медиктер жүрегі де алып-ұшып мазасыз күйге бөленуде. Автомобиль алыбына жеткенше асықтық.

...Сонымен, біздер Алматы медицина институтының құрылысшы-студенттері үшінші еңбек семестрімізді Бүкілодақтық комсомолдық екпінді құрылыс — Тольятти автомобиль заводында өткіздік. Волга бойындағы әр күнімізді даңқты мереке — СССР-дің алпыс жылдығына арнадық. Әрине, еліміздегі ең әйгілі алып құрылыс саналатын объектіде еңбек ету қайсымыз үшін зор мақтаныш. Бүгінде әр институтта құрылыс отрядтары әзірленетіндіктен студенттердің барлығы бірдей қалаған жерлеріне жолдама ала да бермейтіні анық. Ендеше біздердің Тольяттиде болуымыз үлкен құрмет. Отрядтағы 50 жауынгер-жігіттердің құрылыс алаңындағы екі айға созылған жұмыстары тек «өте жақсыға» бағаланды. Болашақ медицина мамандары 110 мың сомның жұмысын игерді.

Н. Әбілмәжінов, Е. Зорина, А. Есенгелдиев, А. Омаров, Ю. Цагараев секілді тәжірибелі де, іскер замандастарымыздың өнегелі еңбектерін жыр етіп шертуге әбден тұрады. Дала аудиториясының қаһармандары жайлы, Тольятти әсерлерін әсте ұмытпаспыз...»

Иә, үшінші семестр күнделігін парақтап отырып, мұндай жолдарға жиі-жиі үңіле берерің сөзсіз. Құрылысшы тілімен-ақ сөйлеп кетеді. Сол цифрлардың өзінен-ақ көп жайды бірден аңғарасың. Орайы келгенде бір сәт цифрларға тіл бітіріп көрелік.

Астанамыздың құрылысшы-студенттері алғашқы он жыл ішінде:

- 189,1 мың шаршы метр болатын 2138 тұрғын үй;
- Ірі қараға арналған 206 мал қора;
- 213 қашар;
- 69 мың құсқа арналған орын;
- 509 автомобильге арналған гараж;
- 25 астық сақтағыш;
- 905 трактор жөндейтін шеберхана;
- 2930 орындықты 16 клуб, мәдениет үйлері;



Тында туған достық әні.

— 360 орындықты асхана;

— 17 сауда орталықтары мен магазиндер.

Жақсы бастама жыл өткен сайын құлашын кеңге сермей түсті. Студенттік құрылысшылар отрядтары ұлан-ғайыр республикамыздың барлық институттары мен техникумдарында ұйымдастырылған. Алғашқы отрядтардың мүшелері институт қабырғасында жүріп-ақ еңбек тезінен өтті. Шоққа батырып, шыңдаған болаттай берік сомдалып шыққан жас түлектердің көбісін бүгінде халық шаурашылығының кез келген салаларынан көресін. Тәжірибе түйіндеген іскер де, білікті мамандар шетінен. Кешегі құрылысшы-студенттердің ізін жаңа лек басты. Жаңа лепті де ала келетіндер —тың толқындар

болса керек. Кейінгі жастар дәстүрлі эстафетаны ілгері тартып барады. Болашаққа тартып барады.

«Студенттік құрылысшылар отряды» — қазірде бір орталыққа бағынатын үлкен ұйым. Құрылыс отрядтарының уставы қалыптасты. Отряд штабы — отрядтың өз бетінше басқару органы саналады. Сондықтан да құрылысшы-студенттер отрядтары — совет студенттерін интернационалдық рухта еңбекке тәрбиелеудің кең арнасына айналып отыр.

Тың төсінде қазақстандық жастармен бірге Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінің студенттері де қоян-қолтық еңбек көрігін қыздырды. Мұның өзі жастарға интернационалдық тәрбие беруде айрықша роль атқарды. 1967 жылы Будапешт университетінің студенттерінің бір тобы В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтының жастарымен қатар Павлодар облысының Баянауыл ауданында жұмыс істеді.


Кең-байтақ республикамыздың шексіз де, шетсіз далалары, алып құрылыс алаңдары, ауыл шаруашылық техникалары, алтын алқапты егін жайларының шетелдік достарды ғажайып әсерге бөлегені даусыз-ақ. «Планета жастары» атты отряд та осылайша дүниеге келген. Қазақстанда барлық Одақтас республикалар жоғары оқу орындары мен техникумдарының ондаған мың қызжігіттері еңбек семестрін өткізді. Жақсы жаңалық қашанда жалғаса бермек.

1968 жылы Алматыда болған студенттік құрылыс отрядтарына қатысушылардың Бүкілодақтық үшінші слеті комсомолдың жарты ғасырлық мерекесіне арналды. Слетке РСФСР, Армения, Грузия, Молдавия, Литва, Эстония, Орта Азия республикаларының, Москва, Ленинград, Пенза, Тула, Уфа, Ставрополье қалаларының өкілдері қатысты. Республика құрылысшы-студенттер отрядына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Қазақ ССР Ми-

нистрлер Советінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды. Алпыс тоғызыншы жыл — республиканың жоғары оқу орындары құрылыс отрядтарының студенттері үшін Лениндік есеп жылы атанды. Әрбір жас кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин еңбектерін оқып үйренуді негізгі нысаналы мақсат етті. Өз ортасының, өз коллективінің қоғамдық еңбегіне белсене араласушы әрі үлкен ұйтқы иесі де жастар. Сонымен қатар олар құрылыс пен ауыл шаруашылығы жұмыстарында да зор құлшыныс байқатты.

...Жылжып жылдар өтті. Әр жылдың өзіндік бедерізі бар. Кешегі студенттік бастама да тамырын тереңге жайған. Алау жастардың «үшінші еңбек семестрі» атты қозғалысы және бір соны серпін тудырды. Бастама бастамаға ұласты. Институт аудиторияларынан шыққан студенттер жаз бойына комбайн штурвалына отырды. Алтын дән сапырған диқандар ортасында тер төкті. Ал, кейбір жоғары оқу орындарында ұйымдастырылған студент-жолсеріктер жолаушыларға мінсіз қызмет көрсетуді басты борыш етті. Олар Отанымыздың картасын айқұш-ұйқыш сызған болат жолдардың бойында еңбек семестрін өткізіп жүр.

Мінеки, қазіргі таңда үшінші еңбек семестрінің адрестері мен маршруттары да сан алуан әрі тарам-тарам. Демек, «студенттердің өз планетасы бар» дейтініміз де орынды секілді...



ЕҢБЕК ДУБІРІ ТОЛАСТАМАЙДЫ. БЕСЖЫЛДЫҚ ЖӘНЕ СТУДЕНТ

Жазғы оқу семестрін ойдағыдай аяқтаған студент қауымы тағы бір курс — бір саты көтерілді. Білім, романтика, арман деп соққан алау жүректер үшін үшінші еңбек семестрі де дабыл қақты. Студенттер планетасында қызу еңбек жаңғырығы естілді. Студенттер отырған автобустар мен эшелондар алыс аудандарға толассыз ағылып жатыр. Жас жігіттер мен қыздарды шаруашылықтың сан алуан жұмыстары, комсомолдық екпінді құрылыстар, көптеген қалалардағы алып объектілер, совхоздар мен колхоздар, егін жай алқаптары күтіп тұр. Жыл сайын келіп үлкен қолғабыс көрсетіп жүрген жаны жайсаң студенттердің ерен ісіне риза болған жұртшылыққа жасыл киімді жастардың келуі үлкен мереке.

Жер-жерде еңбек еткен коллективтер орталығында жастық жігер танытып, өшпес қолтаңба қалдырып жүрген қыз-жігіттердің салған клуб, кітапхана, асхана мен балалар бақшалары, тұрғын үйлер, тұрмыстық қызмет көрсететін орындар — бәрі еңбек семестрінің шежірелі парақтарын толтыруда. Бірақ, оған нүкте қойылған жоқ, қойылмайды да. Студенттік тамаша дәстүр бойынша бұл шежіренің ашылмаған беттері тың жолдармен толтырыла бермек. Осынау жаңа жолдар да

бесжылдықтың әр жылында студент жастардың не бітіріп, не тындырғанынан хабардар етеді.

«КПСС XXV съезіне — лайықты тарту!» ұранымен еселі еңбек еткен құрылыс отрядтары, тоғызыншы бесжылдықтың қорытындылаушы жылының тапсырмасын ойдағыдай орындағаны баршамызға аян. Студенттік құрылыс отрядтарында «Өзім үшін және сол бір боздақ үшін» девизи кең қанат жайды кезінде. Студенттер 1,5 миллион қойға, 180 ірі қараға, 120 мың шошқаға арналған қоралар, 86 астық қоймасын және өндірістік мақсаттағы басқа да қыруар объектілерді салуды молынан игерді. Бұл, әрине, бір ғана біздің республикамызда атқарылған істер. Студенттер еңбек етумен қатар дала ерлерінің арасында көлемді де, ауыз толтырып айтарлық үгіт-насихат, мәдени-көпшілік, ағарту жұмыстарын жүргізді.

Енді міне, құрылысшы студенттер оныншы бесжылдықтың үшінші жылының еңбек семестрін бастағалы отыр. Еңбек жазына дайындық жұмыстары көктем айларында-ақ жүргізіле бастайды. Бүгінде отряд жауынгерлері барлық әзірліктерден өткен, тек қызу еңбектің дабылды шағының қоңырауын күтуде. Студенттік құрылыс отрядтарына партиямыздың XXV съезінде өте жоғары баға берілгенін бәріміз жақсы білеміз. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас съезд мінбесінен мына жолдарды айтқан еді:

«Комсомол өткен бесжылдықта қаншама жақсы инициатива көтерді, ол қаншама ерлік істерді жүзеге асырды! Байкал-Амур магистралының құрылысы, комсомолдық екпінді құрылыстар. Бесжылдықта олардың саны 670-ке жетті. Бұларда жарты миллионнан астам жігіттер мен қыздар жұмыс істеді. Ал, құрылысшы-студенттер отрядтары ше? Оларға жастардың қандай құмар екенін бәріміз де білеміз. Және бұл отрядтар қыруар іс тындырып-ақ жүр. Тоғызыншы бесжылдықта олар

шамасы 5 миллиард сомдық жұмыс көлемін атқарды. Олардың еңбек тәрбиесі мектебі ретіндегі маңызын да айтып жеткізу мүмкін емес». Құрылысшы-студенттерге берілген осы бір әділ бағада қазақстандық студенттердің де өзіндік үлесінің бар екенін мақтанышпен әңгіме-леуге болады.

— Өткен тоғызыншы бесжылдықта қол жеткен табыстарымызға бір мезет зер салайықшы,— деген Қазақстан студенттік құрылыс отрядының командирі Е. В. Епишкин сөзін сабақтап кеткен.

— Республикамыздың көптеген жерлерінде және Қазақстан территориясынан тыс аудандарда он алты мыңнан астам түрлі объектілерді қатарға қосып, халық игілігіне берілді. Егер осы объектілерді игерілген қаржы сомасына дөңгелетсек, онда 620 миллион сомнан асып жығылар еді. Біздің игілікті істеріміздің жемісі іспетті қазір кез-келген елді мекендерде студент қолы тимеген құрылыс жоқтың қасы. Сүбелі табыстарымыздың нәтижесінде республика бойынша тоғызыншы бесжылдықта 80-нен астам студент омырауларына Отан наградалары — ордендер мен медальдар қадады. Мұндай жайларды көптеп келтіруге болады. Одаң да бұрын құрылысшы-студенттердің жаңа бесжылдықтың бет ашар жылында атқарған жұмыстарына тоқталған жөн.

Жетпіс алтыншы жылдың еңбек жазы да артта қалды. Бұл жыл оныншы — сапа бесжылдығының алғашқы еңбек семестрі болды. КПСС XXV съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыруда айрықша құлшыныс танытқан республика құрылыс отрядтарының, бүкіл жаз бойындағы қызметін көрсететін — үшінші семестр табыспен қорытындыланған.

«Жастық жалынымыз бен екпінді еңбегіміз — сапа және тиімділік бесжылдығына!», «Тоғызыншы бесжылдықтың рекордтары бүгінгі норма» деген девизбен бас-талған еңбек жазының әр күні студенттер арасындағы

социалистік жарыс қанатының өріс жаюына мүмкіндік туғызды. Еңбекті ұйымдастырудың ең озық түрлерін кеңінен енгізіп, оның сапасы мен тиімділігіне басты назар аударылды. Отрядтың қабылдаған социалистік міндеттеме биігінен көрінуіне де ықпалын тигізгені сөзсіз.

Жаңа бесжылдықтың бет ашар жылында Қазақстан территориясында жарыс жалауын алаулатқан 937 отрядтын құрамында 38000 жас түлек бір сапта, нық сапта еңбек етті. 2,5 мың студент республикамыздан тыс жерлерде — Россияның қара топырақты емес аудандарында, Гагарин, Иркутск қаласының құрылысшыларына, Астрахань диқандарына қолғабыс беріп, олардың шексіз алғыстарына бөленіп қайтты.

Құрылыс отрядтарының жауынгерлері тоғызыншы бесжылдықтың рекордтарын жаңа бесжылдықтың алғашқы жылынан-ақ нормаға айналдыра бастауы қатты қуантты. Осы орайда тағы да цифрларға кезек берген дұрыс. Құрылысшы-студенттер республиканың басты-басты құрылыс объектілерінде 113,9 миллион сомның күрделі қаржысын игерді. 2267 әр түрлі құрылыс пайдалануға берілді. Жоспар 124 процентке артығымен орындалды. Мінеки, осынау көрсеткіштер қай жылмен салыстырсақ та тым биік. Толағай табыс сыры да пәлендей құпия емес-ау. Тек еңбекті ұйымдастыру шеберлігіне сайып жатыр. Студент еңбек семестрінде жүктелген тапсырманы уақытша орындай салатын құрылысшыға жатпайды. Қайсыбір құрылыс басына бармасын ол тәжірибелі құрылысшыдай жұмыс тізгінін өз қолына алады. Бұл процесс өзінен-өзі қалыптаспаса керек. Біршама жұмыстар, олардың дені бүкіл оқу бойына жүргізілетінін білгеніміз жөн. Студенттерді отрядқа тіркеу, оның бейімділігін байқау, отряд командирлерін тағайындау, штаб жұмысының жоспарына зер салу, бәрі де жауапкершілікті талап етеді. Жүрдім-бардымды көтермейтіні белгілі. Өйткені, кейбір жоғары оқу орын-



Орал қаласының студенттік отрядтары еңбек даласына аттанарда В. И. Ленин атындағы алаңда салтанатты жағдайда бас қосады.

дарында отрядқа мүше қабылдауда конкурс та болып жүр. Бүкілодақтық студенттік құрылыс отрядының уставындағы — отрядқа тек оқуда үздік, қоғамдық жұ-

мысқа белсене араласатын студент қана мүше болуы тиіс дейтін жолдар құр бекер емес.

Құрылысшы-студенттерге, әсіресе, мал шаруашылығындағы еңбеккерлер дән риза. Республика шаруашылықтары студенттер қолынан 170 мың басқа арнаған 300-ден астам мал комплексін қабылдап алды. 1975—76 жылы бір ғана Семей облысында 36,8 мың қойға арналған 19 ірі комплекс пайдалануға берілді. Құрыш қолды студенттердің қарқынын жоғарыдағы цифрлардың өзі-ақ айтып тұр. Өздеріне қабылдаған социалистік міндеттемелерін артығымен орындап шыққан Қостанай, Орал, Қарағанды, Семей, Павлодар, Целиноград, Қызылорда, Маңғышлақ, Шығыс Қазақстан облыстарының құрылыс отрядтарын да мақтана атаған жөн.

Жастар жүрген жерде әрдайым із қалады. Соны бастамалар, тың идеялардың иелері де солар. Бір бастамадан кейін бір бастама. Оларды іліп әкететін де жастардың өздері. Сүйікті Коммунистік партиямыздың XXV съезі де қанатты бастамаларға өріс ашып, жаңа бағыт-бағдарлар көрсетіп берді. Баянды жалғасын табар мерейлі істерден құрылыс отрядтары да шет қалған жоқ.

Целиноградтық құрылысшы-студенттердің дүниеге әкелген «Әрбір студенттік объектіге—кепілдеме паспорты!» атты бастамасы құлашын кеңге сермеді. Сапа және тиімділік бесжылдығының бірінші — баспалдақ жылында осындай соны жаңалықтардың тууы қуанарлық-ақ. Өйткені, еңбек семестрінің қоңырауы соғылысымен әрбір отряд «құрылыс сапасына айрықша мән берілсін» деген міндеттеме қабылдады ғой. Сондықтан да осындай жақсы бастаманың нәтижесінде студент тұрғызған 1,5 мың құрылыс объектісіне «кепілдеме паспорты» берілді.

Сондай-ақ республика құрылыс отрядының жауынгерлері жалпы білім беретін ауыл мектептерінің жағдайын жақсарту жөніндегі Бүкілодақтық социалистік

жарысқа қосылды. Қарағанды жоғары оқу орындарының студенттері еңбек жазын «Ауыл мектебінің құрылысына — студенттік қамқорлық!» девизимен өткізді. Қарағандылықтардың бұл ұранын іле-шала республикамыздың барлық түкпірінде еңбек етіп жүрген отрядтар қостап кетті. Сөйтіп, студенттер 69 ауыл мектебінің құрылысын қолға алды, 19 мектеп жаңа оқу жылында балғын шәкірттерге өз есігін айқара ашты. 650 мектеп жөндеуден өткізіліп, 441 арнаулы кабинеттер, 165 фотолабораториялар студенттер қолымен жабдықталды. 2 мыңнан астам көрнекі құралдар әзірленіп, мектеп кітапханаларына 74000 оқулық, көркем әдебиеттер, методикалық құралдар сыйға тартылды.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежневтің Кишинев қаласында өткен совет және куба жастары достығының I фестивалына қатысушыларға жолдаған құттықтауы құрылысшы-студенттер арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Отряд жауынгерлері 17 август күнін «Екпінді еңбек күні» деп жариялап, одан түскен қаржыны Гаванада өтетін жастар мен студенттердің XI Дүние жүзілік фестивалына дайындық қорына жолдады. Сонымен бірге екпінді еңбек күнінен түскен қаржының белгілі мөлшері Ханойда салынып жатқан Пионерлер сарайы мен Гагарин қаласының құрылыс қорына жөнелтілді.

Оныншы бесжылдықтың алғашқы жылында республикадағы студенттік құрылыс отрядтарының құрамында 48 елден келген 530 шетелдік студент жастар еңбек көрігін қыздырды. Шетелдік жастар мен совет студенттерінің достығы жыл өткен сайын нығая түсуде. Бұл жағынан студенттік құрылыс отрядтарының ықпалы айрықша мол.

Өткен үшінші семестр жаңалыққа толы болды. Барлық құрылыс отрядтарында «КПСС XXV съезінің ше-



Бір кірпіш... Иә, бүгінде құрылышы-студенттер салған алуан-алуан құрылыстарды — мектептер мен оқу корпусарын, мәдениет үйлері мен клубтарды, тұрғын үйлер мен бала бақшаларды, астық қоймалары мен мал комплекстерін кең-байтақ республикамыздың кез-келген түкпірінен кездестіресің. Оның бәрі студент өрген кірпіштерден тұрады.

шімдерін жүзеге асырайық!» атты ұранмен Халықаралық студенттер одағының 30 жылдығы құрметіне интернационалдық достық апталығы өтті.

Студенттер еңбек етумен бірге көпшілік арасында үгіт-насихат, мәдени-ағарту жұмыстарын да белгіленген жоспар бойынша жүйелі жүргізіп отырды. ҚПСС


XXV съезі мен Қазақстан Компартиясы XIV съезінің тарихи шешімдерін насихаттауда үлкен көмекші бола білді. Олар жүргізген жұмыстар да сан салалы. Студенттік отрядтардың концерттік бригадалары мен үгіт топтары 5 мыңға жуық концерт қойды. Құрылыс алаңдары мен дала қостары студенттердің сахнасына айналды.

Құрылыс отрядтарының мүшелері «Парыз» операциясын одан әрі жалғастырып, майдан мүгедектері мен Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың үй іштеріне көмектесуді бірінші борыш деп түсінді. Сондай-ақ олар 357 ескерткішті салып әрі қайта жөндеуден өткізді.

Республикамыздың құрылысшы-студенттер отряды Қазақ ССР-нің тарихи және мәдени ескерткіштерін тұңғыш рет өз қамқорлықтарына алды. Бұл да «Үшінші семестр — 76»-ның жаңалығы.

С. М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университетінің жүздеген студенттері астанамызда салынып жатқан студенттер қалашығының құрылысында еңбек етіп, тәулікті тәулікке жалғады. Комсомолдық екпінді құрылыс болып жарияланған Казгуград студенттердің көз алдында танымастай өзгере түсті. Асқақ Алатаудың күн сүйген шыңдарымен бой таластырған зәулім ғимарат күн санап биіктей түскендей. Күні кеше ғана секілді еді химия-биология корпусының ірге көтергені. Енді міне, этаждар биіктеп барады, биіктей береді. Ғажайып құрылыстың әр тасын қиюластырып маңайдан ащы тер моншақтатып жүрген студенттің күні ертең-ақ сонау құс биігінен маңайға көз салары анық. Самаладай жарық та заңғар аудиторияда отырып университет қалашығының қалай дүниеге келгеніне саяхат жасар еді. Бұл бірақ, қиял емес-ті. Шындығында жаз бойына құрылысшы қалақшасын қолынан түсірместен еңбек еткен үшінші семестрінің де естелікке айналар күні жақын-ау.

Өйткені, үйлер биіктеп барады...



ШТУРВАЛДА — СТУДЕНТ. БАСТАМА КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП БАРАДЫ

Күнделік беттерін парақтаған сайын құрылысшы-студенттер өміріндегі игі істерге тоқтала берер едіңіз. Өрісті бастаманың шежірелі парақтары да қалындай түскен бүгінде. Үшінші еңбек семестрі жайында әңгіме тиегін ағытпастан-ақ көз алдыға сол таныс полотно келеді. У-шуы мол құрылыс алаңы. Алып кран. Ерсілік-арсылы ағылған машиналар. Темірдің шаң-шұң даусы. Жарқ-жұрқ от ұшқындары. Осының бәрін реттеп, жүйлеп жүрген адамдардың бет-бейнесін де жіті аңғарасын. Әйтпесе, қолындағы шап-шағын қалақшамен тықылдатып кірпіш өріп жүрген құрылысшыны елестететініміз белгілі.

Ал, енді бір сәт мына суретке назар аударалық.


Шексіз де, шетсіз алтын алқап. Бадана дәнді масақтар бастарын көтере алмастан самал лептің дірілінен кербез шайқалады. Көз ұшында тізбек құрған дала кемелері кетіп барады. Мың бүктетілген дән-толқындар шалқар теңіздің құдды өзіндей. Толқын жалында тербетілген шағаладай дала кемелері де жал-жал із тастап жүр. Онан беріректе комбайннан дән толтырып алған машиналар қабылдау пункттеріне ағылуда. Машиналар керуенін ұзын жолдың өн бойынан ұшыратасын. Кетіп барады, келе жатады. Әлгі дала кемесінің штурва-

лында тұрған қағаз қалпақты, жүзін енді-енді күн шала бастаған жігіт дән дариясынан көз жазар емес. Тұрған тұлғасымен қимыл қозғалысы тәжірибелі диқанды, тәжірибелі комбайншыны айтады. Тіпті өзінің еңбек вахтасына аса жауапкершілікпен қарайтыны байқалады. Сыр суыртпақтап, жөн сұрасқанда барып оның студент екенін білесің-ау. Иә, ол — студент. Ол жалғыз емес, жүздеп, мыңдап саналады.

Жоғарыдағы бұл суретке де көз әбден қанық болса керек. Студенттердің механикаландырылған отрядтары жайында да жылы-жылы сөздер айтуға әбден болады. Үшінші еңбек семестрін үнемі құрылыс алаңдарында қарсы алатын студент жігіттер мен қыздарды дала қостарынан кездестіріп, диқан қауымының нық сапынан көріп жүргенімізге де жетінші жаз. Уақыт қалай зымырайды десеңші. Әр жылдың айтар, шертер сыры да жеткілікті. Алтын дән сапырған диқандарға, сонау ерте көктемнен маңдай терімен аялап өсірген астығын ысырапсыз жинап алуына мысқалдай болсын көмектесіп, қол ұшын созу әр студенттің қастерлі борышы. Қомбайн штурвалына отырып астық бастырған, комбайннан элеваторға маржан дән тасыған студентті де машина рулінде — ұзын жолдың бойында жолықтырасың. Сондай-ақ оларды қызыл қырманнан қайнаған сын сағаттарынан табасың.

Алғашқы механизатор-студенттер отрядтары бұдан жеті жыл бұрын ұйымдастырылған болса, бүгінде мұндай отрядтар әр институтта бар. Сөйтіп, 1970 жылдан бастап студент жастарды еңбекке тәрбиелеудің және бір тиімді формасы саналатын — «студенттердің механикаландырылған отрядтары» үлкен өмірге жолдама алды.

Республикамызда тұңғыш механикаландырылған отряд Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтында жасақталды. Институттың механи-



Ауыл шаруашылық институтының түлегі Қосайдаров Мараттың өңіріндегі «Құрмет Белгісі» ордені еңбек се-местрінің шежірелі парақтарының біріне айналды. Өйткені, ол қазақстандық студенттердің алғашқылары болып жоғары Отан наградасына ие болды.

ка факультетінің студенттері айрықша құлшыныс білдіріп, комбайншылар әзірлейтін арнаулы курсқа көптеп жазылған. Ертеңгі ауыл шаруашылығының жас мамандары үшін тың төсінде диқандармен етене еңбек етуден артық қуаныш жоғы рас-ты. Жаңа отрядқа басқа факультеттерден де жастар көптеп тартылды. Студент-комбайншылар астанамыздағы жоғары оқу орындарының біразында әзірленді. Арнаулы курстың есігін алғаш ашқан жас түлектер егін жайға—дүбірлі қарбаласқа асықты. Осы институттың студенті Б. Төлегенов егіс даласына тұңғыш келушілердің бірі болды. Алғашқы күннен-ақ жастыққа тән жалын мен жігер отын байқатқан жас жігіт он үш жұмыс тәулігінде комбайнмен 599 гек-

тар жердің астығын бастырды. Механизатор жігіттің есімі мақтаулылармен бірге дара естілді. Алғашқы егін орағында ерен еңбегімен көрінген студент-механизаторлардың бір тобына Отанымыздың ең жоғары наградалары — ордендер мен медальдар тапсырылды. Солардың ішінде ауыл шаруашылық институтының түлегі Б. Төлегенов те бар. Оның омырауында «Құрмет Белгісі» ордені жарқырайды. Қарлығаш бастама бүгінде өз топшасын берік қатайтқан. Институттың механикаландырылған отрядының өз тарихы, өз шежіресі бар.

Сондықтан да ауыл шаруашылық институтының механизатор-студенттері хақында, отрядтың игі жұмыстары жайында ілгеріде арнайы сөз еткенді жөн көрдік.

С. М. Қиров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде алғаш ұйымдастырылған механикаландырылған отрядтың бірі Целиноград облысының астықты аудандарында болып, тамаша еңбектің үлгісін көрсетті. Тың өлкесінің кез-келген шаруашылығынан университет студенттерінің қол таңбасын ап-анық байқар еді кімде-кім. Астаналық механизатор-студенттер тікелей комбайнмен 54242 гектар жердің астығын орып, 220180 центнер алтын дән бастырды. Мінеки, цифрлар осылайша сөйлейді. Шалқыған табыстың көрсеткіші бұл!

Он тоғыз студенттен құрылған «Юрист-1» механикаландырылған отряд үшінші семестр жазын Ерейментау ауданының Ленин совхозында өткізді. Сондай-ақ, құрамында 300 комбайншы-студенті бар Алматы мал дәрігерлік институтының механикаландырылған отряды табыс көзін жарқырата түсті. Егін орағында жемісті еңбегімен оқшауланған мал дәрігерлік факультетінің студенттері арнайы тағайындалған Панфилов атындағы жүлдеге ие болды.

Жетпісінші жылы 9833 студент-комбайншы дайындалып, олардың 9354-і егін орағына қатысты. Студент-

тердің барлығы өздері еңбек семестрін өткізбекші шаруашылықтарға бір ай бұрын келіп, жауапты сынға араласып кетеді. Осы бір айдың ішінде өзіне тапсырылған комбайнды жөндеуден өткізіп, теориялық алған білімдерін практикамен ұластырады. Колхоз-совхоздың тәжірибелі механизаторларының ақыл-кеңесін тыңдап, жетекші ұстаздары алдында еңбек емтиханынан өтеді. Институт қабырғасында оқыған курстың нүктесін де дала қосында қоюды дәстүрге айналдырған. Комбайншы куәлігі де егін орағына аттанар сәттегі соңғы емтихандар қорытындысы бойынша тапсырылып жүр. Студенттерге бұл куәліктерді күні бұрыннан ұйымдастырылған салтанатта — үлкен толғаныс сәтінде дала қаһармандарының қолдарынан алу қандай қуаныш. Еңбек ардагерлері студент-механизаторға жаңа орақтың алғашқы дестесін түсіру құрметін — үлкен символ ретінде сыйлайды. Бұл жай жауапкершілік жүгінің салмағын одан бетер арттыра түсер еді.

Бүкіл студенттерге ортақ осынау егін орағы туралы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті А. Сатыбалдиев сыр ағытады.

— Университеттің заң факультетінің студенттері еңбек семестрін Торғай облысының «Ростов» совхозында бастады. Комбайншы курсың қыс айларында оқыған біздер егін орағына әзірлікті қызу қарқынмен жүргіздік. Студенттердің механикаландырылған отрядының командирі Ирак Еликеев қағылез жігіт. Жұмыстың қыры мен сырын жетік біледі. Біз еңбек еткен астықты совхоздың әр адамына дейін алғашқы қадамымызға қамқор көзбен қарай білді. Осы бір еңбек адамдарына әркез сүйсіне қарайсың. Бәрінен де алтын сәулесін шашқан арайлы таңды еңбек дүбірімен қарсы алу неткен қуаныш. Иә... еңбек таңының адамға берер ләззаты да мол. Тың төсіне табан тіреген күннен-ақ отрядтағы жігіттер ерекше

екпін көрсетті. Дала кемелерін жөндеуді ұйымшылдықпен өткізбесе ертеңгі қайнаған қарбалас шақта минуттың кедергі екенін әр студент жақсы түсінген. Отряд төрт бригадаға бөлінді. Бригадаларға совхоз тарапынан барлық жағдай жасалған. Студенттерге совхоздың тәжірибелі де, іскер механизаторлары үнемі ақыл-кеңес беріп, олардың теориялық білімдерін іс жүзінде ойдағыдай жалғастыруына көп мүмкіндіктер туғызғаны сөзсіз.


Дала кемелерін жөндеуде М. Загитов, М. Шақабаев, Е. Жолсейітов, Қ. Сағынтаев секілді студенттер өздерінің іскерліктерін таныта білді. Егін орағы басталғанға дейін отряд жігіттері тек комбайндарды жөндеу жұмыстарымен шектеліп қалған жоқ. Шаруашылықтағы сан салалы жұмыстарға белсене араласты. Олар жаңа орақтың алтын дәні түсетін қырмандарды толық жөндеуден өткізіп, керуен жолдарын қалпына келтірді. Студент механизаторлар жауапты науқан — мал азығын дайындауға қатысты. Жастардың ұйытқысымен сенбіліктер мен жексенбіліктер ұйымдастырылды. Т. Садықов, Т. Қорғанбековтер совхоз диқандары арасында «Адам және заң» деген тақырыпта бірнеше лекциялар оқыды. Сондай-ақ отрядтың өз қабырға газеті апта сайын шығарылып онда орақтағы студенттердің іс-әрекеттері, табыстары әр қырынан көрсетіліп тұрды.

Дала аудиториясындағы екі айдан астам уақыт біздерге-студенттерге үлкен мектеппен пара-пар. Әсіресе, комбайн штурвалында отырып күнді күнге, таңды таңға ұластырған мазасыз тәуліктер әсері мен сабағы жүрегімізде үнемі жаңғыра берері сөзсіз. Ал, қазақстандық миллиардтағы үлесіміз бір басқа.

Миллиард!.. Маңдайдан моншақтаған тер.
Миллиард!.. Қаншама түйір алтын дән!
Миллиард!.. Еңбек, ерлік және жеңіс!

Бұдан жиырма жыл бұрын алғаш естілген осынау сөзді қазақстандықтар бесінші рет қайталап отыр. Әр миллиард ғажайып ерлікпен тең. Миллиард жорығында сан ұлттың өкілі, әр алуан мамандық иелері бір сапта, нық сапта екенің паш етті. Еңбек майданында жеңіске жетіп, миллиард жалауын асқақтата алаулатты. Миллиард қаһармандарының берік сапында студенттер де келе жатыр. Сондықтан да олардың дауыстары жарқын да биік естіледі.

— «Миллиардта да үлесіміз бар!».



МИЛЛИАРД ЖАҒҒЫРЫҚТАРЫ НЕМЕСЕ НАН ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Жоғарыда біздер студенттердің механикаландырылған отрядтарының ең алғаш рет жетпісінші жылы жақталғанын айттық. Содан бері де алтыншы жаз, жылдар іздері сайрап жатыр. Механизатор-студенттер отрядтары да қазақстандық үшінші миллиардтың куәсі болып отыр. Бозала таннан түннің бір уағына шейін штурвалдан түспейтін жастар тек егін орып, астық бастырып қоймайды. Миллион толқын боп ауыр ырғалып, шалқып жататын дән дариясы, бадана басты жез мақтақтар кімді болсын шексіз әсерге орайтын. Қиял құсын заңғарларға самғатып, ғажайып тебіреністерге түсіреді. Көз алдындағы алтын алқап дән тауына айналып, биіктеп барады. Сағат санап, биіктей түскен астық тауы жанарына нанды әкеледі. Нан! Ол — тіршілік, ол — Отан! Нанды ойлаған сайын мұрнына шоқтан шыққан нанның өзіне ғана тән иісі келеді. Күні бүгінге дейін зер салмапты-ау. Нан жайлы небір әңгімелер естіген. Нан құдіреті хақында кітаптар мен газет-журналдардан да оқып жүретін үнемі. Бірақ... Бұл жай орақтың нағыз бел ортасында жүрген жастардың көбіне ортақ. Бәлкім, содан да болар өздерінің еңбек семестрін тың төсінде өткізген әр студенттің күнделігі мен қойын дәптерінен, ауызекі әңгімесінен тұңғық сыр үзіктерін байқайсың. Бәр-бәрі де қасиетті нан жайында тебіренеді, толғанады.

Қазақстандық тұңғыш миллиардтан шетелдік студенттердің де қолтаңбасын көреміз. Мінеки, тың шежіресін парақтайықшы. Жиырма жыл бұрын жазылған студенттің хаты. Москва мемлекеттік университетінің тарих факультетінің студенті вьетнамдық Чи Ванның туыстарына жолдаған сәлем-хаты былай басталған:

— «Құрметті туыстарым! Мен бүгін үлкен қуанышта отырмын. Ол — аты аңызға айналған ұлан-ғайыр байтақ қазақ жерінің топырағын басуым. ВЛКСМ Орталық Комитеті бүкіл Совет Одағының комсомолецтері мен жастарын тың астығын ысырапсыз әрі тез жинап алуға шақырған болатын. Бұл шақыруға біз де, МГУ-дің шет елдерден келген студенттері де үн қосуды ұйғардық. Сөйтіп, Совет Одағының ең ірі республикасының бірі — Қазақстанға келдік. Бізді бұл жерде ыстық ықыласпен шын жүректерімен қарсы алды. Сіздер көрсеніздер, шіркін, бұл өлкені. Көз жетпес, ұлан-ғайыр тамаша өңір. Шегі жоқ дерсің-ау тіпті. Ал, сол шексіз далада теңіздей толқып аппақ бидай өсіп тұр. Иә, аппақ нан ғой! Бізде өте көңілді. Таң саз бере тұрып жұмысқа шығамыз содан қас қарая ораламыз. Кейде тіпті, түн жарымында қайтамыз. Сонда да болса шаршауды білмейді-ау жігіттер. Өйткені, біздер алтын дән — ертеңгі нанды жинап жүрміз емес пе?! Костер жағып, даланы әнге бөлейтін де жастар. Украин халқының «Черемшина» поляк, румын, қазақ халықтарының бірнеше әндерін үйрендім. Әсіресе, қазақтың ұлттық аспабы домбыра мен қобыз әуендері маған қатты ұнады. Халықтың басынан өткен сан шежіре музыка тілімен құйылып тұрады. Қазақ халқы меймандос келеді екен. Бізді жиі-жиі қонаққа шақырып тұрады. Ал қош, көріскенше күн жақсы. Біз жұмысқа асығып жатырмыз.

Сәлеммен туыстарың ЧИ Ван.
Қазақстан, 1956 жыл, сентябрь.

Нан... Атыңнан айналайын қасиетті дәм... Сен туралы сөз тиегін ағытып, ой толғасаң жұмыр жердің бетіндегі кеудесінде жаны бар адамдардың тіршілік-тынысы, қам-харакеті, өмірге деген құштарлықпен еңбек етіп, ұрпақ өсірген адамзат ғұмырының алтын өзегі болған өзінді тебірене ауызға аламыз. Жүзі басқа тілегі бір жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да ықылым заманнан бері алақанына салып аялап, қастерлейді емес пе. Осынау ғажап ғадет ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Қанға сіңген қасиет. Адамзат баласы нанды төбесіне көтеріп қастерлейді. Аталарымыз ұзақ сапарға шықса өзге дәмнен айрықша пір тұтып ең бірінші нан алатын. Бейтаныс жолаушы есік ашып, табалдырық аттаса қонақжай халық «қуыс үйден құр ауыз шықпасын» деп ұсынатыны — нан.

Нан... Атыңнан айналайын қасиетті дәм... Құмырсқадай тіршілік кешкен адам баласы әуел баста қоймаға қару емес, қамбаға дән жинағаны аян. Иә, дәм жинаған. Бүкіл халық келіп дәм татсын, талассыз-ұрыссыз тату болсын деген. Достықтың берік алтын арқауы, береке мен бейбіт өмірдің береке бесігі де — өзіңсің қасиетті нан. Сүттей ұйыған береке шырқын бұзып, достықтың алтын жібін аттаған адамды «Дәм атсын» дейтін де содан қалған-ау!

Мінеки, алғашқы миллиард тынысы да талай жайды аңғартады. Астық өсіріп, оны жинап алу да оп-оңай емес. Қазақстан тыңында туып, қанат қаққан достықтың алауы әр жүректерде жалындай түскен. Бұдан жиырма жыл бұрын лек-легімен Қазақстан топырағын басқандардың көңілінде жалғыз ауыз сөз «Сәлем, саған тың өлке!» Жетпістен астам ұлттың өкілдері достық құшағында еңбек көрігін қыздырып, бесжылдықтың балғасын бірге соғысты.

1956 жылдың 22 июнінде ВЛКСМ Орталық Комитеті астықты тез әрі ысырапсыз жинап алу үшін жастарды



Белоруссиялық студенттер өздерінің еңбек жаздарын Қазақстанның астықты аудандарында өткізуді дәстүрге айналдырған.

тың еңбеккерлеріне көмекке шақырып, үндеу тастады. Елу мыңнан астам Москва, Ленинград, Куйбышев, Киров, Қазақстан, Украина, Белоруссия, Краснодар, Ставрополь өлкелерінің жастары тағы да тыңға аттанды. Олардың сапында жүздеген студенттер де бар еді. Тек қана өз елімізден ғана емес, социалистік елдерден де жастар көптеп ағылып жатты. Осы жылы Қөкшетау облысының астықты шаруашылықтарында Румыния мен Чехословакиядан келген жастардың екі группасы еңбек етті. Бұл жыл Қазақстан тарихына еңбектегі орасан ерлік жылы болып мәңгі енді.

Отан қоймасына қазақстандық 1 миллиард 1 миллион 540 мың пұт алтын дән құйылды. Тұңғыш миллиард

жаңғырығы күні бүгінге дейін дабыл қағады. Ұмытыл-мас әсерлер жаңғырығы әркез естіліп тұрмақ.

Айнала төңіректің күз реңіне боялып шыға келгенін де байқамағандайсың. Көгілдір көктемнен аялаған жасыл алқап та бір түннің ішінде сап-сары болып шыға келгендей. Сары күз өзімен бірге мазасыз минуттарды ала келді. Осы бір сәтті тағатсыздана күткен дала кемелері — комбайн керуендері алғашқы дестелерді де сала бастаған. Ақ жал дестелер... Егін-жай даласына түсіп жатқан еңбек әуендерінің алғашқы жолдары ғой бұл. Маңай біткен еңбек симфониясын шертіп жатқандай. Дала кемелерінің толассыз дауыстары біріне-бірі ұласып тәулікті тәулікке жалғайтын шақ. Еңбек майданы — нан үшін күрес те қызу дабыл қағып кетті.

Құрыш қол жұмысшы мен алтын орақ ұстаған диқан-ның қазіргі түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік ілмей, бел шешпей қоян-қолтық еңбек етуінің өзі де сен үшін қасиетті нан. Береке басы, ел ырыздығы, молшылық көзі — астық үшін айқас еш толастамайды да. Ырыс селін тасқындатқандар жарыс отын алаулата бермек. Орақ ерлерінің қай-қайсысымен сыр шертіссеніз, ауызға алары — «Астық, алтын дән, қасиетті нан!» Қыр төсіндегі қызу еңбектің дабылы да тым айрықша естілер еді. Жалғыз мақсатқа жұмылған барша диқанның жауапты маусымдағы нысанасы да ортақ. Ол — аңызда бір тал масақ, бір грамм дән қалмасын! Бұл да сенің құдіретің қасиетті нан!..

Тағы да сөз кезегін студент алсын. Бұл жолы егін орағына қатысқан комбайншы-студенттер жайында олардың ұстазы әңгімелейді. Абай атындағы Қазақ педагогика институтының оқытушысы, жастар жетекшісі болған С. Обаев:

— Біздің институтта студенттердің механикаландырылған отрядтары 1972 жылы алғаш рет ұйымдастырылып, еңбек жазын астықты облыстарда бастады. Бола-

шақ педагогтардың комбайн штурвалына отыруы кімді болсын елең еткізері сөзсіз. Институтта комбайншылар әзірлейтін курс ашылып, оған төменгі курстың студенттері тартылды. Игілікті бастама шеруі тек алға жетелей бермек. Студенттердің әр бір теориялық сабақты жібермеуі қатты қадағаланды. Өйткені, ертенгі жауапты сын сағаттарында студенттеріміздің қиналмауын, қызармауын, негізгі нысана еттік. Үшінші еңбек семестрінде 162 студент дала кемесіне отырды. Тарих факультетінің студенттері Торғай облысының Ә. Майкөтов атындағы және «Тасты» совхоздарында диқандарға үлкен қолғабыс тигізді. Серік Қазиевтің отряды тамаша еңбек үлгісін танытты. Отрядтағы он студент 5 комбайнмен 1850 гектар жердің егінін орып, 19543 центнер астық бастырды. Жалпы міндеттеме 130 процентке артығымен орындалды. Ж. Жетенов Қ. Бекмағанбетов, А. Маханов секілді комбайншы жігіттер дала қаһармандарының ең жақын досына айналып, шынайы алғыстарына бөленді. Әрдайым алғысқа оранғанға не жетсін!

Сондай-ақ, жетпіс екінші жылдың миллиардында филология факультетінің студенттерінің өзіндік орны бар. Филологтар Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының астықты шаруашылықтарында болды. Ауа райы өте құбылмалы жауын-шашынды болып, жұмысты көп тежеп, қиындықтар келтірді. Бірақ, от өрім жастардың жігері жасымай, табиғат күшіне қарсы тұра білді. Олар комбайнға отырды, қырманда күн-түн еңбек етті.

Математика факультетінің студенттерінен ұйымдастырылған мехотрядтың аты — «Арай». Шағын коллективтің командирі Ж. Әбдімәжитов механизатор жігіттерді жұмысқа жұмылдыра білді. А. Матросов атындағы совхозда (Арқалық ауданы, Торғай облысы) болған отрядтағы 26 жігіт 13 комбайнды өздері күрделі жөндеуден өткізіп, егін орағына сақадай сай отырды. Екі-

екіден бір комбайнға ие студенттер тәжірибелі механизаторларша еңбек ете білді. Молшылық жолындағы күресті жандандыра түсті. А. Саменов. М. Жапақов, Т. Ашировтар алғашқы онкүндікте 300 гектар жердің егін бастырып жеңімпаз атанды. Студенттер еңбек еткен совхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын сегіз есе асыра орындады. Осыншалықты көл-көсір табыс селінде студент-механизаторлардың үлесі де мол.

Егін орағының озаттарына грамоталар, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Тында өткізген үшінші семестрдің әр күні болашақ мұғалімдер жүрегіне ізгілік гүлін егіп, әсерлі күйге бөлегені хақ.

Сонымен, жетпіс екінші — миллиард жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының механизатор-студенттері алтын қоймаға 330 800 центнер астық құйды. Келер жылы осы институттың 312 комбайншысы еңбек семестрін Солтүстік Қазақстан облысы, Бескөл ауданының егістік алқаптарында өткізіп, жоғары көрсеткіштер биігінен көріне білді. Студенттер қадамы құтты болды.

— Тағы да Миллиард! Қазақстандық төртінші Миллиардтың иесі — 1973 жыл еді.

Республикамыздың ірі-ірі астықты өңірінде — дала аудиториясында болған әрбір студенттің жүрек лүпілі ап-анық естілері күмәнсыз-ды. Олардың қуанышты жүректері сөйлеп тұр:

«Миллиардта да үлесіміз бар!»

— Нан... Сен туралы әңгіме арқауын одан әрі өрбітіп, ой толғасақ көбімізге ортақ, сонау бір жылдардың мәңгі өшпес мына бір штрихтары қаз-қалпында елестеп өтер еді. Ол сурет—ақ әжемнің ақ бидайды уыстаған алақаны. Қызыл қырман думаны дабыл қағысымен ақ әжем де өзінің тойын бастайтын. Бұл дүрбеленде қос қолын қалтасына салып, теңселіп жүретін еш пендені көрмей-

сіз. Әркім өз ісінің соңында. Ағалар орақ ортасында, жеңгелер бауға түсіп, бүлдіршіндер жарыса масақ теретін. Жаңа егіннің торсия піскен қызыл дәні де ең бірінші әже алақанынан өтетіні белгілі. Шоқтан суырылған ыстық күлшені ұсынатын артынша. Сол сәттегі ақ әжемнің тұңғыық жанарындағы қуаныш нұры күні бүгінге дейін — жүрек түкпірінде жарқырап тұр десем артық болмас. Ақ бидайдың дәмі тандайыңнан әсте кетпейді. Ақ бидай әні көкейде күй боп күмбірлеп, ән боп шалқиды. Ыстық наннан — ақ бидайдан ауыз тимейтіндер де некен-саяқ. «Туған жердің топырағында, азаматтардың маңдай терімен өнген қасиетті дәмнен алыңдар!» Осы сөзді екінің бірі естіген-ақ шығар. Өйткені, жер жыртып, бидай өсіру ата-бабамыздың ежелгі кәсібі ғой. Қызыл қырман, тас диірмен... Бұл суретті неге ұмытмайық!...


Тас төбеден күлімдеген күн бар қызуын төгіп тұр. Әлсін-әлсін ғана жылы леп еседі. Бадана дәнді масақтар да бастарын көтере алмастан баяу тербеледі. Соңына ақ жал дестелерден жол жасап жүрген комбайндар да екі иығынан демін алады. Сонадайдан бүкіл денесі дір-дір етіп тұр. Дала кемелерінен секіріп-секіріп түскен қағаз қалпақты жігіттер құдды бір жыл бойына жүздеспей, кездеспей жүрген жандарша шүйіркелесуде. Дала жатақханасынан шыққандары әлгінде-тін. Олардың қазіргі әңгімелерінің арқауы көп жайды аңғартады.

- Қанша гектар бастырдың?
- Комбайның тоқтаған жоқ па?
- Бүгін екі норма орындайтын шығармын.
- Онда жарадың.
- Күн де жақсы боп тұр-ау...

Түскі асты егіс басында апыл-ғұпыл ішкен студенттер асығыс өзді-өзінің комбайнына қайта отырды. Әр

минут санаулы. Мазасыз шақта уақыттан ұтылмау — басты мақсат. Ендеше механизатор-студент те жауапты сын сағаттарын жоғалтпауды ойлайтыны заңды-ау. Штурвалдағы олардың қиялын шарықтатқан да байырғы диқанның түскі үзілісте нан туралы суыртпақтай толғаған әңгімесі. Үзік-үзік суреттер бірін-бірі құрап, алып полотноға айналып жатқандай. Сол бір дән дариясында тербелген дала кемелері көгілдір көкжиекті беттеп барады, ұзап барады.

Дән жыры — нан жыры толассыз шертіліп тұр...



**СТУДЕНТТІК
МИЛЛИОНДАР.
АЛТЫН ТАУЛАР БИКТЕЙ
БЕРЕДІ**

Жаңа оныншы бесжылдықтың беташар жылының үлкен орағы дабыл қағар шақта астанамызда өткен Қазақстан партия-шаруашылық активінің кеңесі бүкіл республика еңбекшілеріне соны серпін туғызғаны айғақ. Сын сағаттар сәтіндегі жауапкершілікті механизатор-студенттер де сезіне білді. Тыңға жылма-жыл келіп жүргендерді, сондай-ақ ең алғаш рет үшінші еңбек семестрін диқандар ортасында өткізбекші жас түлектердің бойына қажыр-қайрат үйірген де осынау келелі кеңес болды. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың жарқын да, программалы сөзіне іспен жауап беруге серпілген студенттер де тың қаһармандарының берік сапында жалын жігермен еңбек етті. Олардың кез-келгені биік көрсеткіштер үдесінен шығуды мақсат санады.

«Өткен бесжылдықта Қазақстан егіншілері жылына орта есеппен мемлекет қоймасына 750 миллион пұт астық құйып отырды. Республика екі рет — 1972 және 1973 жылдарда миллиардтың белесіне шықты. Қазақстанның биыл да, оныншы бесжылдықтың алғашқы жылында да Отанды қуанта алатынына — мемлекетке кемінде бір миллиард жүз миллион пұт астық сататынына көзім жетті!» Мінеки, бұл сөз тек диқандарды емес барша

еңбекшілерді құлшыныспен еңбек етуге жұмылдырған. Республика жоғары оқу орындарының білім қуған жастары — жекелеген отрядтар, бригадалар мол астық жолындағы социалистік жарысқа қосыла отырып, дала аудиториясында да екпінділер сапынан табыла білді. Тамаша еңбек үлгісін көрсеткен студенттік механизаторлар отрядтарының тындырған табыс селі тасқындай түскені белгілі. «Қазақстандық миллиард пұт астық үшін!» жорығына қатысқан мыңдаған студенттер үлесі центнермен емес-ау, миллиондап өлшенді. Студент механизаторлардың арасында күндік нормаларын үш есеге дейін асыра орындап, алтын орақтың озаттары атанғандары қаншама? Барлығының аты-жөндерін, ерен еңбектерін әңгіме етіп жату мүмкін емес.

Сондықтан да оныншы бесжылдықтың бірінші еңбек семестрін үлгілі де, ұйымшылдықпен өткізген отряд командирлері мен комиссарлары, отряд мүшелері сөз кезегін алып отыр.

Көкшетау облысы «Альтаир» студенттік механикаландырылған отрядының жауынгері Р. Сайымов:

— Біздің Щучье индустриялық-педагогикалық техникумының механикаландырылған отрядының ұйымдастырылғанына бесінші жыл. Әрине, бұл көп уақыт емес. Солай десек те отрядтың бүгінгі таңдағы өзіндік тарихы, өзіндік шежіресі бар. Қуана да, мақтана да айтарымыз аз жылдар ішінде «Альтаирдың» ауыл еңбеккерлерінің ыстық ықыласы мен жақсы лебіздеріне ие болуы. Бұдан артық мерей болмас механизатор-студенттер үшін.

Отрядта егін орағы кезінде отыздан астам жастар жарыс көрігін қыздыра білді. Сол жігіттердің әрқайсысының белгілі бір мамандықтары бар. Мәселенки, 11 студент комбайнды ұршықша үйірсе, 12 студент көмекші болып, ал 8 студент слесарь боп жұмыс істеді. Бұл мамандықтар өзара тығыз байланысты.

Слесарьлар дала кемелерінің мезгілсіз тұрып қалмауын қадағаласа, көмекшілер орақтың басы-қасында жүріп, комбайншылардың дер кезінде тынығуына жағдай жасайды. Мінеки, осындай «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» еңбек еткен отрядтың бірлігі мен ұйымшылдығы өз жемісін көрсетті де. Студенттер отряды облыстық комсомол комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды. Комбайншылар әр бескүндік сайын 3000—3500 гектар жердің астығын орып, биік көрсеткіштерге қол созды.

— «Оныншы бесжылдықтың бет ашар жылын еңбек табыстарымен атап өтейік!» деген ұранды ту етіп ұстаған студент-жастар Көкше астығын ысырапсыз қайта жинап алу жолында ерен еңбек үлгісін танытты. Студенттік аудиторияға қайта оралған техникум студенттері сапа және тиімділік бесжылдығының алғашқы жылының мол астығын неғұрлым қысқа мерзімде, сапалы аяқтауға өз үлесімізді қостық деп зор мақтаныш сезімімен айта алады. Қазақстандық миллиардтың ішіндегі студенттік центнерлердің орны біздер үшін тым бөлек-ау.

Орал ауыл шаруашылық институтының партбюро секретары Б. Мұстажапов:


— Коммунистік партия жоғары оқу орнында оқып жүрген жастарға жан-жақты тәрбие беру ісіне үнемі көңіл бөліп ерекше назар аударып келеді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің елімізде жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру мақсатындағы игі шаралары совет жастарына деген шынайы қамқорлықтың айқын дәлелі болса керек. Осынау партиялық қамқорлықты терең сезіне отырып, біздің институт коллективі КПСС XXV съезінің тарихи шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы іскерлікпен жұмыс істеуде. Қазіргі таңда институтта екі мыңнан астам қыздар мен жігіттер оқып жүр. Сондай-ақ осыншама жас сырттай оқиды. Институт қабырғасынан сапалы білім,

саналы тәрбие алып, үлкен өмірге қанат қаққан жас мамандар қаншама? Халық шаруашылығының алуан саласында еңбек етіп жүр. Ал, олардың лайықты ізбасарларын үздіксіз дайындап отыру өмір талабы. Сондықтан жастар арасындағы коммунистік тәрбие жұмыстарын, оның алуан әдіс-тәсілдерін жетілдіре беру нысаналы мақсат.

Биік талап деңгейінен шығу мақсатында біраз шаруа атқарылып та жатыр.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына ынтасын арттырып, олардың қабілеттерін айқындау ең бір негізгі өзекті жұмысымыз. Өткен оқу жылында 956 студент ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты. Қазір институт бойынша 385 ғылыми тақырып, студенттердің зерттеу жұмыстарына арқау болып отыр. Болашақ агрономдар Жайық өңірінің жайылымдары мен егістік алқаптарының құнарлылығын зерттеумен шұғылданса, экономистер оның қорын, ауыл шаруашылығын жедел дамытудың экономикалық тиімділігін арттырудың сырын іздестірумен түбегейлі айналысады. Ал зоотехникалық-инженерлік факультетінің студенттері малдың тұқымын жақсартып, төлдің ауруын болдырмаудың жолдарын ғылыми тұрғыдан қарастырады. Бұрнағы жаңа оқу жылындағы студенттердің Бүкілодақтық VI байқауының бірінші кезеңінде институттан 1251 студент қатысып, байқауға 672 баяндама ұсынылды. Жастар арасындағы ғылыми-творчестволық конкурсында төртінші курс студенті. Б. Мұқамбетқалиевтің «Өнім сапасын арттырудың социалистік қоғам дамуындағы маңызы» деген тақырыптағы баяндамасы жақсы бағаға ие болды.

Институт студенттері ғылыми, қоғамдық-саяси және гуманитарлық ғылымдар бойынша өткізілген. Бүкілодақтық, республикалық байқауларға да қатысып жоғары жетістіктерге жетіп жүр.



Толқиды егін телегей.

Сонымен қатар институтта студенттерге еңбек тәрбиесін беру мәселесі де күн тәртібінен түспек емес. Студенттердің құрылыс отрядтары, механикаландырылған студенттер отрядтары оқу және өндірістік практика — жастардың қоғамдық іске белсенділігі мен еңбекке коммунистік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуде.

Республика жоғары оқу орындарында туындап жататын игі бастамаларды дер кезінде қолдап, жарқын істер жалғастырушысы атану қашанда абырой. Жайық жастары да бір кездегі студенттердің «Комбайн штурвалына отырайық!» деген қозғалысына қосылып кетті. Бүгінде институттың механикаландырылған отрядының өзіндік ізі бар. Жаңа оныншы бесжылдықтың алғашқы жылының өзінде бірінші курс студенттерінен 200 ком-

байншы дайындалды. Механизатор-студенттер оныншы бесжылдықтың бірінші жылының егінін жинауға қатысып, облыстың он үш шаруашылығында еңбек етті. Дала ерлерімен бірге жұмыс істеген студенттер егін орағын үлгілі өткізуде жастық жігер көрсете білді. Социалистік жарыс отын алаулата түсті.

Институттың студент-комбайншылары 7856 гектар жердің егінін жалға түсіріп, 131626 центнер астық бастырды. Механикаландырылған студенттер отрядының қазақстандық жаңа миллиардтағы өзіндік сүбелі үлесін жоғарыдағы цифрлардан айқын көруге болады. Сондай-ақ, бұл отрядтар шаруашылықтарда зябь жырту жұмыстарына да мол қолғабыстарын тигізді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін жинасып, оны тасып алуға да институттың мыңға жуық студенттері қатысты.

Құрылысшы-студенттер отрядтары да үшінші еңбек семестрін толағай табыстармен қорытындылап отыруды жақсы дәстүрге айналдырған. Институттың жүздеген жастары облыс көлеміндегі құрылыс жұмыстарына ұйымшылдықпен араласуда. Бір ғана өткен жылдың жазында құрылысшы-студенттер 140 мың сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын атқарып, тапсырмаларын абыроймен орындап шықты. Институттың «Сұңқар», «Гренада», «Көкжиек» атты құрылыс отрядтары село құрылысына көмекке барып, 330 мың сомның жұмыстарын игерді. Облыстың көптеген совхоздарында мал қоралары мен тұрмыстық объектілер салып, пайдалануға берді. Мінеки, мұндай игі істерді көптеп айтуға болады. Одан да бұрын студенттер арасындағы жүйелі жүргізіліп отырған тәрбие жұмыстарының алуандылығын айтсақ та жеткілікті.

Жайық студенттері алдағы жылдарда да небір жарқын істер иелері бола бермек.

Павлодар облыстық студенттердің механикаландырылған отрядының комиссары А. Деннюк:

— 100 000 гектар! Облыс шаруашылықтарында еңбек еткен студенттер өткен миллиард жылы осыншама жердің астығын орып, бастыруды міндеттенген болатын. Көтеріңкі міндеттеме — белгілі жоспар. Жұмыстың бағыт-бағдары да қабылдаған тапсырмаларға орай жүргізіліп отырады емес пе? Ендеше міндеттеме қабылдау бір ерлік, оны орындап шығу тағы да ерлік қой. Студент-механизаторлар орақ басталған күннің алғашқы сағатынан бастап алтын уақытты тиімді пайдалануды мақсат етті. Механикаландырылған студенттер отрядының арасындағы өзара жарысты ұйымдастыруға барлық назар аударылды. Өйткені, жарыс бар жерде табыс бар. Павлодар индустриалдық институтының «Бригантина» отряды техниканы үлкен ораққа әзірлеу кезінде зор ұйымшылдықпен дараланды. Студенттер қысқа мерзімнің ішінде өздеріне бекітіліп берілген 24 комбайнды сапалы жөндеуден өткізіп, социалистік жарыстың алғы сапынан көріне білді. Осының нәтижесінде жас механизаторлар алғашқы бес күндіктен бастап ерекше еңбек үлгісін байқатты. Жданов атындағы совхоздың астықты алқабында үшінші семестрлерін өткізген «Бригантина» отрядының механизаторлары он бес күннің ішінде 5600 гектардың егінін орды. Миллиард жорығындағы еңбек дүбірі біріне-бірі ұласты. Студент В. Карасевтің бір өзі ғана 260 гектар алқаптың астығын орғанын айтудың өзі үлкен мақтаныш. Алтын орақтағы жастардың қазақстандық миллиард үшін қаншалықты қажыр-қайрат, жалын жігер, үлкен ұйымшылдық танытқанын аңғарасың. Студенттер арасынан орақ озаттары атанып, жүлделі орындарға ие болғандарды да ортақ мақсатқа жұмылдырған студенттік құлшыныс деу керек.

Студенттер егін орағында тек ерен еңбегімен ғана дала еңбеккерлерін сүйсіндіріп қойған жоқ, олар ауыл ерлері арасында да жаңалық жаршысы бола білді. Совхоздарда спорт мерекесін өткізу, түрлі тақырыптарда

лекциялар оқу, концерттер көрсету облыс студент-механизаторларының ең абыройлы борышына айналғанын айтқан жөн. Абзалы студенттер облыстың мол астығын төкпей-шашпай, ысырапсыз жинап алуға өзіндік үлестерін қоса білді.

Жезқазған педагогика институтының студенті О. Омарова.

— Бүгінде институтта екінші оқу семестрі өтіп жатыр. Аудиториялар мен оқу залдарының бір сәтке босамайтын шағы. Алдағы сын сағаттары жазғы емтиханға тиянақты әзірлікпен бару білім сүйген жастың борышы. Жазғы емтихан студенттер қауымына үшінші еңбек семестрінің жаңғырығын естіртеді. Оның үстіне осы еңбек жазына дайындық қазір жоғары оқу орындарында қызу жүріп жатыр ғой. Студенттер комбайншылар әзірлейтін арнаулы курсты аяқтауға да жақын. Қызығы мен қуанышы қат-қабат студенттік айлар алға жылжуда. Біздердің тура осы сәт өткен еңбек семестрін сөз етуіміз де орынды. Әсіресе республикамыз астықтан миллиард тауын тұрғызған өткен жаз еріксіз ойға оралады екен.

Біздердің бесжылдықтың бет ашар жылында бітік өскен егіс даласына — облыс диқандарына мол астықты жинап алуға қолғабыс тигізу үшін жолға шыққанымыз күні кеше секілді-ау. Шет ауданы «Рассвет» совхозының еңбекшілері механизатор-студенттерді жылы шыраймен қарсы алды. Мазасыз науқанның бар қиыншылықтарына төзген және істің қарбаластылығы мен маңыздылығын жете түсінген студенттер өздеріне жүктелген міндетті абыроймен орындап шықты. Қызыл қырманда астық тазарту оны машинаға тиеу жұмыстары біздің еншімізге тиді. Үлгілі еңбегімен диқандардың ыстық ілтипаты мен алғысына бөленген қатар құрбыларың жайында сыр ақтарып, әңгіме тиегі ету қандай ғанибет. «Рассвет» совхозының қырмандарында еңбек еткен Гүлсара Қалабаева, Айша Шамшиева, Айнұр Нө-

кербекова секілді курстас құрбыларымды әркез мақтаныш етемін. Отрядтың әр мүшесі өздеріне жүктелген міндеттер мен тапсырмаларды ыждаһатпен орындауды негізгі міндеттері санады. Совхоз егіншілері механизатор-студенттер еңбегіне дән риза.

Алтын дән — ел ырысы. Отан қоймасына толассыз құйылған алтын дәннің әр түйірі үлкен еңбек жемісі. Диканның маңдай терімен өнген халық байлығын жинап алу бірінші міндет. Мұны біздер жақсы түсіндік. Одан бұрын диканның еңбегін өз көзімізбен көргенімізге қуаныштымыз. Қырмандағы еңбек вахтасы бір минутқа толастамайды. Дән жөнелту, дән кептіру, дән сорттау... Біріне-бірі үздіксіз ұласып жатады. Мінеки осындай жауапты сыннан мүдірмей өткенімізді айту — біздер үшін зор бақыт.

Иә, еңбек бақытына не жетсін!..

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті жанындағы студенттік механизаторлар отрядтары секторының меңгерушісі П. Бимаханов:

— ВЛКСМ Орталық Комитеті комсомолецтерді, барлық жігіттер мен қыздарды оныншы бесжылдықтың алғашқы жылының егіні жолындағы күреске белсене қатысуға, өздерінің екпінді жан қиярлық еңбегімен КПСС XXV съезі белгілеген міндеттерді жүзеге асыруға лайықты үлес қосуға шақырды. Осыған орай ВЛКСМ Орталық Комитетінің секретариаты «1976 жылы егін жинауда, ауыл шаруашылық өнімдері мен жемшөп дайындауға қатысу жөніндегі комсомол ұйымдарының міндеттері туралы» атты қаулы қабылдады. Егін жинауды табысты өткізу — жалпы халықтық іс. Оған даярлану және оны үлгілі өткізуге қатысу — Ленин комсомолының барлық отрядтарының міндеті. Жаңа орақ қарсаңындағы қаулыда мынадай жолдар бар.

«Жоғары оқу орындарының, техникумдардың, кәсіп-

тік-техникалық училищелердің комсомол ұйымдары астықты тазалау және сақтау үшін екпінді топтар жіберсін, егін жинау мен жемшөп дайындау жұмыстарына арналған арнайы отрядтар құрсын; Астық қабылдау кәсіпорындарының комсомол ұйымдары жігіттер мен қыздардың күш-жігерін дайындау пункттерінің тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеуіне жұмсасын».

Мінеки, осынау жайларды басшылыққа алған республика жоғары және арнаулы орта оқу орындарының коллективтері егін орағының басталған сын сағаттарынан бастап жүйелі жұмыстың өзегі етті. Бет ашар жыл орағының соңғы аккордтарына дейін тың төсінде дабыл қағып студенттер отрядтары жүрді. Қыздар мен жігіттердің алтын қолдарымен жинаған маржан дән — студенттік миллиондар күндіз — түні Отан қамбасына жөнелтіліп жатты.

Ұлан-ғайыр республикамыздың он екі облысында үшінші еңбек семестрін өткізген жас түлектер қазақстандық жаңа миллиард үшін тер төкті. Астаналық механизатор-студенттер де дүбірлі жарыстың нағыз көш бастаушылары бола білді. Бір ғана Торғай облысының астықты алқабында Қазақтың ауыл шаруашылық, политехникалық, энергетика және халық шаруашылығы институттарының 1500 студенті еңбек көрігін қыздырды. 275 жас дала кемелерінің штурвалына отырса, 481 студент комбайншылардың көмекшісі болды. 223 жігіт тракторшы әрі слесарь мамандығы бойынша жұмыс ітесе, 527 болашақ мамандар егін орағына қатысты, түрлі-түрлі объектілерде еңбек жазын өткізді.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың Қазақстан партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзі студенттерді де тың табыстарға қол созғызды. Өздеріне жүктелген жұмыстардың қай-қайсысын болсын мерзімінен бұрын асыра орындауды жауапты міндеті санады олар. Тамаша ең-


бектің айнасы бола білген студенттік механизаторлар отрядтары міндеттенген меже биігінен көрінді.

Сонымен, тыңда жаңа еңбек шыңы бағындырылды. Күн шұғылалы республикамыз Қазақстан миллиардтан шашу шашты. Советтік Қазақстан Отан қоймасына бір миллиард 197 миллион пұт астық құйды. Бұрын-соңды болып көрмеген еңбек жеңісі, еңбек жемісі.

Алтын таулар... Астық-таулары биіктеп барады. Сол бір дән таулары қарапайым еңбек адамының алып тұлғасындай тым асқақ көрінеді. Ал, адам қажыры ауыр да қатал жағдайларда сыналып шындалады. Шым болаттай сомдайтын да еңбек тезі. Ерлік пен туысқандықтың еңбек сүйгіштік пен коллективизмнің, интернационалдық және патриоттық сезімдер тәрбиелеудің бүкіл халықтық мектебіне — СССР халықтары достығының ғажайып лабораториясына айналған тыңның шежірелі парақтары және бір соны жолдармен осылайша толтырылған еді.

Тың шежіресі жалғаса береді...

БАСТАМА ИЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ



Бастама! Осы бір жалғыз ауыз сөздің естілуі қаншалықты лепті болса, оның арнасы да, ауқымды да соншалықты кең. Бүгіндері күн сайын туындап жататын алуан соны бастамалардың қайнар көзі тым әріде жатыр. Сонау жылдары — «бастама көтеріпті» деген сөзді естіген сәтте әркім-ақ айрықша елендеп қалар еді. Оның да жөні бар. Алға — болашаққа аршынды қадам бастаған совет адамдары небір бастамаларды дүниеге әкелгені аян. Ғажайып биіктерді бағындырып, тың жаңалықтардың адрестері де осы бастамалар болды. Кең-байтақ Отанымызда талай-талай алыптар қаз тұрды. Заводтар мен фабрикалардың жүректері лүпілдеді. Солқылдата соғылды бесжылдықтың балғасы; Түрксиб секілді болат жолдар қан тамырындай бүкіл еліміздің картасын шимайлай бастады. Асау өзендерге бұғалық салынып, адамдардың қолдарымен иен далада көгілдір теңіз шалқыды. Бірінен соң бірін өмірдің өзі тудырған бастамалар бір орнында тұрып қалмады, ол әрине, мүмкін де емес. Қайта күн өткен сайын игі қозғалыс қатары көбейіп жаңаша леп әкеле берді. Ал, олардың басы-қасында әркез жастар — қыздар мен жігіттер жүрді. Тамаша бастамалар тек алға шеру тартып барады.


Екпінді құрылыстарда, мартен пештері мен домна-

ларында, шалғайдағы мал отарлары мен егістік алқаптарындағы туып жатқан бастамалар жаңғырығы тіптен басқаша. «Қазақстандық сағат», «Кешегі рекорд — бүгінгі норма», «Селода тұрады екенсің, механизатор мамандығын меңгер!», «Шопан-оператор», «Ең бастысы сапа»... тағы-тағылар. Міне, бүгінгі бастамалар көкжиегі осындай. Сан түрлі, сан қырлы. Солардың бірі студенттік өмірдің тіршілік-тынысы. Ал, білім тұңғығына құлаш ұрған студенттер әкелген бастамалар қаншама! Олардың «Комбайн штурвалына отырайық!» дегендері күні кеше ғана секілді. «Штурвалда — студенттер». Әрі қуана, әрі мақтана атаймыз. Ендеше осы бастаманың иесі атанған Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтының механикаландырылған отрядын тілге тиек етелік.

Жылма-жыл республикамыздың астықты аудандарында еңбек дабылын қағып, дала ерлерінің шынайы жан серігіне айналған студенттік механикаландырылған отрядтарының өзіндік өмірбаяны бар. Жаңа оныншы бесжылдықтың екінші жазы отряд шежіресінің өзіндік парақтарын толтырмақ. Иә, жетінші жыл. 1970 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысын ең алғашқылар болып Алматы және Целиноград ауыл шаруашылығы институттарының студенттері іліп әкетті. Сөйтіп механикаландырылған студенттік отрядтарының тұңғыштары осы жоғары оқу орындарының қабырғасында жасақталды.

Институт жанынан комбайншылар әзірлейтін арнаулы курс ашылып, төменгі курс студенттері техника тілін меңгеруді үйрене бастады. Бұл курсқа негізінен қабілетті де, талапты жастар іріктеледі. 186 сағат. Мінеки, әр студент дала кемесін жан-жақты, әрі жетік меңгеріп кетуі үшін осыншама уақыт арнайды екен.

Теориялық білімдерін лабораториялық және практикалық сабақтармен тығыз ұштастырмайынша бес ас-



Дала кемесінің қыры мен сырын оқып үйрену — талмай ізденуді қажет етеді.

пап маман болмайтынын отряд мүшелері әсте естерінен шығарған емес. Сондықтан да курс сабақтарын механика және жөндеу факультеттерінің тәжірибелі ұстаздары жүргізді. Қыс бойына комбайншылар курсында оқыған студенттер үшінші еңбек семестрін өткізетін шаруашылықтарға бір ай бұрын келіп техника жөндеу жұмыстарына қатысуды дәстүрге айналдырған: Көптеген студенттер өздеріне жеке-жеке комбайн алып, күрделі жөндеуден өткізеді. Сөйтіп ораққа сол дала кемесімен шығады! Игілікті де, мерейлі істің қорытындылар кезі осы уақыт саналады. Жыл бойына қамқорлыққа алып,


басшылық жасаған жергілікті кәсіптік-техникалық училищелердің оқытушыларынан құралған арнаулы комиссия студенттерден мемлекеттік емтиханды дала қосында алады. Теориялық, практикалық сабақтардан мүдірмей өткен жастарға мамандық куәлігі тапсырылады. Жүйелі де жоспарлы жұмыс нәтижесі табыстарымен қуантады. Қомбайншы куәлігін танымал еңбек ардагерлерінің қолынан алып тұрып жас механизаторлар екпінді еңбек етуге міндеттенеді. Көтеріңкі жоспарлар қабылдатын да осынау жауапты сәт. Тәжірибесі мол механизатор-диқандар студенттерге табыс сырын айтып, ақыл-кеңестерін үйретуден жалыққан емес. Өйткені, бұл алдыңғы толқын ағалардың абзал борышы ғой.

— Біздің ауыл шаруашылық институтының механизатор-студенттерінің қолымен игерілген, атқарылған істер қыруар.

Өткен тоғызыншы бесжылдықта институтта 5068 комбайншы әзірленіп, тың планетасында жарқын із қалдырды. Осы жылдар ішінде он бір механизатор-студент Отанымыздың жоғары наградасына ие болды. Жемісті еңбек мерей биігіне көтере бермек қашанда. Отряд мүшелерінің көпшілігі ВЛКСМ Орталық Комитетінің, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарымен наградталған. Сондай-ақ, олардың еңбектерін жергілікті шаруашылықтар да дер кезінде бағалап жүрді. Институттың механикаландырылған отряды Қазақ ССР Министрлер Советінің, Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Қызыл туын әлденеше рет жеңіп алды. «Студенттер, комбайн штурвалына отырайық!» девизи жастарымыздың тұрақты ұраны болып қала бермек. Өйткені, институтта жыл сайын 400 студент комбайн курсына бітіріп, мамандық куәлігін қолдарына алады екен... Отряд мүшелері де осы

жастармен үздіксіз толықтырылып отырылады. Студент жастардың комбайншы мамандығын меңгеріп шығуына барлық жағдай жасалған. Курс сабағы арнаулы жабдықталған аудиторияларда өтеді. Ауыл шаруашылығы машиналары, механика және жөндеу, автоматика кафедраларының оқытушылары әр сабақтың мазмұнды да қызықты болуына назар аударып келеді. Техника сырын үйрену оңай емес. Оның үстіне студенттердің дала кемелеріне отырып, диқан қауымына қолғабыс көрсетуі үлкен жауапкершілік жүктесе керек. Еңбек семестрін де тек өте жақсыға тапсырып жүрген студенттеріміздің ерен табыстарың қуана айтамыз. Табыс селін тасқындатқан студенттер жігері мен қайратын бірер цифрмен ғана дөңгелетсек былай болар еді. Механикаландырылған отряд сапа бесжылдығының бет ашар жылының өзінде Отанға 4 миллион 94 мың пұт астық тапсырып, социалистік міндеттемесін абыроймен орындап шықты. Торғай облысында болған механизатор жігіттер қазақстандық миллиард үшін күресте ерлікке пара-пар еңбек етті. Олар 17866 гектар жердің егінін орды. Ал, тікелей комбайнмен 31432 гектар жердің астығын бастырды. Сөз орайында құрылысшы-студенттеріміздің өткен жылы 68 мың сомның жұмысын игергенін айтқан жөн,— деген еді өз әңгімесінде институт ректоры, профессор Х. А. Арыстанбеков.

Иә, «көз қорқақ, қол батыр» деген емес пе. Студенттердің алты еңбек жазында диқандарға тигізген қолғабысын айтып жеткізудің өзі қиын. Қай шаруашылықта болмасын тек жоғары қарқынмен еңбек көрігін қыздыра білді. Жарыс десе жанып тұратын жастар жүрген жерлерінде өз қолтаңбаларын, өз іздерін салып жүрді. Сондықтан да болашақ ауыл шаруашылығы мамандарының жаңа оныншы бесжылдықтың алғашқы жылында атқарған жұмыстарына үніліп көрейікші. Механикаландырылған отряд үшінші семестрді үнемі Тор-



Үздік еңбектің айғағы — биіктен желбіреген Қызыл жалау.

ғай даласында өткізді. Тамаша дәстүр студенттердің жемісті еңбек етулеріне кең жол ашып отыр. Әр шаруашылық өз қарлығаштарын тағатсыздана күтіп, ыстық ықыласпен қарсы алып та жүр.

Өткен егін орағына институттың механикаландырылған отряды жан-жақты әзірліктермен келді. Күнілгеріден жасақталған отряд мүшелері Торғай облысына бір ай бұрын келіп, жұмыс объектілерімен жете танысты. Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеуге қатысты. Астаналық студенттер облыстың Есіл, Жаксы, Қима аудандарында еңбек етті. Олардың ұзын саны сегіз жүзге тартады. 160 студент комбайн штурвалына отырса, 244 жас жігіт көмекші болып істеді. Механиза-

тор-студенттер тәжірибелі диқандарша еңбек етіп, тамаша табыстарға қол жеткізді. Олар 36681 гектар жердің астығын дестеге салып, 62268 гектарды тікелей комбайнмен бастырды. Сондай-ақ, 35254 гектар жердің дестесін жинады. Сөйтіп құрыш білекті студенттер 109959 тонна дән бастырып, меже биігінен көрінді.

Әсіресе, Есіл ауданындағы отряд жаңа орақтың озаты атанып, үлгілі еңбектерінің нәтижесінде дара көрінді. Отан қоймасына 2 миллион 11 мың пұт алтын дән құйды. Бұл—нағыз ерлік еді. Отряд командирі, бесінші курс студенті Халит Ғасанов еңбек тезінен өткен жас. Ол қазақстандық екінші миллиардқа қатысқанын үлкен мақтаныш етеді. «Егін орағы — 76» қорытындысы бойынша отряд социалистік жарыстың жеңімпазы атанды.

Механизация факультетінің төртінші курс студенттері Әбдібек Орынбаев 625 гектар жердің егінін орып 6750 центнер, Аралбай Жақанов 701 гектардың егінін орып 7570 центнер дән бастырды. Сондай-ақ механизатор-студенттер Сергей Сидоров, Ибрагим Ғазиев, Александр Игнатко, Виктор Эльзесер, Мұрат Спандияров қабылдап алған комбайндарының ақаусыз жүріп-тұруын қамтамасыз етіп, күндік жоспарларын үнемі асыра орындауды дәстүрге айналдырған. Ал, Алмагүл Сағыртаева өз курстарымен бірге нық тіресе еңбек етті. Жас қыз дала кемесін еркін басқарды. Қыздардың да комбайн штурвалына отырып, астық бастыруына болатынын дәлелдеп берді. Тек жастық жігер, нық сенім қатар жүруі керек.

Институттың механикаландырылған студенттік отрядтары дала аудиторияларында еңбек дабылымен қатар, көпшілік жұмыстарын да ұтымды ұйымдастырып, жүйелі жүргізуді күн тәртібінен түсірмеді. Партиямыздың ішкі және сыртқы саясатына орай, комсомол тарихы мен қазіргі жастар қозғалысына арналған 82 лекция оқылды. Жергілікті совхоз-колхоздардың, көркем өнер-

паздарымен бірігіп студенттер дала сахнасында 32 концерт қойған. Футбол, волейбол, шахмат, дойбы тағы басқа да спорт түрлерінен өткізілген жарыстар мен кездесулердің саны 130-дан асып жығылады.

Отряд жауынгерлері ауыл мектептерін өз қамқорлықтарына алып, біршама жұмыстар игерді. Студенттер күшімен 2 мектеп жөндеуден өтсе, 14 спорт залы жаңадан бой көтерді, 3 пионер бөлмесі, 2 физика-химия кабинеті жабдықталып, мектеп кітапханасына 800 кітап сыйға тартылды.


Механика факультетінің төртінші курс студенті Әбдібек Орынбаев бет ашар жыл орағында озаттар сапынан көрінген жігіт. Жақсының артынан қашанда жақсы сөз ілеседі. Әбдібек есімін де бірінші болып ауызға алған институт комсомол комитетінің секретары оның өзімен жолығуды қалады. Механизатор-студентті оқу залынан таптық, кезекті емтиханға дайындалуда екен. Әбдібек біздермен ескі таныстарынша әңгімелесіп кетті. Сауалымызға орай сыр тиегін ағыта берді.

— Бәлендей даралайтын да, оқшаулайтын да реті жоқ. Оның үстіне өркенді іс өрісін үздіксіз кеңейте беретіні заңды ғой. Біздің институттың механикаландырылған отряды еңбек семестрін мазмұнды өткізуде. Осы отрядқа мүше болғаннан бері тамаша табыстар жемісін өз көзімізбен көріп жүрміз. Табыс селін тек бірлігі берік коллектив қана тасқындата алады. Бәрінен де сол көптің бірі болғанымды мақтаныш етемін. Өткен жаз тың төсінде екінші рет болуым. Дала ерлерінің арасында, қоян-қолтық еңбек ету мен үшін қызық. Әлде ауылда өскендіктен бе, кім білсін! Әйтеуір, жазғы каникулға жеткенше асығамын. Күрішті ауылдың баласы—біздерге астықты алқапта жұмыс істеу оңай да. Институтқа дейін өзім туып-өскен Шиелі ауданының «Коммунизм» колхозында (Қызылорда облысы) бірер жыл еңбек әліппесінен өтуім көп көмектесті. 1974 жылдың жазында

Торғай облысының Арқалық ауданында болдық. Комбайншы мамандығы бар біздерге алғашқы кезде сын көзбен қараушылар көп кездесті. Күдік пен сенім қатар жүрді. Бір тамашасы жауапты сыннан сүрінбей өттік. Ал, жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында нағыз тәжірибелі механизатор-диқандармен иық тіресе еңбек еттік десек артық болмас. Бұрыннан таныс Торғай даласы. Жақсы ауданына қарасты «Рентабельный» астық совхозы. Шаруашылық басшылары алғашқы күннен жылы қарсы алды. Осы совхозда еңбек еткен он сегіз механизатор жігіт орақ басталғанға дейін 18 комбайнды сақдай-сай жөндеуден өткіздік. Сапалы да үлгілі еңбегіміз социалистік жарыс қорытындысында облыстық комсомол комитетінің бірінші орынға арналған вымпелін алып берді. Бригадиріміз Ю. Н. Онищенко жас жігіттерге көп жылғы тәжірибесін үйретіп ақыл-кеңесін айтудан жалыққан емес. Соның нәтижесінде комбайншы жігіттердің барлығы да орақты табысты аяқтады. Өз міндеттемелерін орындап шықпағаны некен-саяқ. Ал, өзім 625 гектар жердің егінін орып, 6750 центнер қызыл дән бастырдым. Еңбектес достарым да комбайн штурвалында нағыз озаттарша жарқырап көріне білді. Мақсатымыз да осы болатын әуелден...

Миллиард жазын отрядтың әр мүшесі есте естен шығармақ емес. Өйткені миллиард адал еңбек, маңдай тер! Миллиард — бүгін шертер сыр мен шырқар жыр.

«Өткен үшінші еңбек семестрі сыйлаған қуаныш мол болды!» Мінеки оныншы бесжылдықтың келер жылының еңбек жазына қызу әзірленіп жатқан студенттік механикаландырылған отряд жауынгерлерінің қазіргі әңгімесі осылай басталып, осылайша өрбиді...



ҮШ ЕГІН ОРАҒЫНА ҚАТЫСҚАН ЖІГІТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНДАСТАРЫ ЖАЙЛЫ СЫР

Механикаландырылған отрядқа мүше болып қабылданған студенттердің барлығы да жазғы сессияны бір ай бұрын тапсыратыны күн ілгері ескерілген. Сондықтан да комбайн курсында оқып жүргендер қалт еткен бос уақыттарын құр жібермеудің қамына ерте-ақ кірісті. «Комбайн штурвалына отырамын» деп қаншалықты құлшыныс білдіргенмен де жауапты сынақтың аты—жауапты. Өйткені, ең бірінші мақсат—әрбір емтиханнан сүрінбей өту. Жыл бойына алған біліміңді қорытындылап, бағалар шақта ешқандай жеңілдік жоқ. Сарапшың да, әділ таразың да—өз білімің. Бірақ... Көп ішінен «реті болар, жұмысқа баратындарға қинамастан қойып беретін көрінеді» деушілер де ұшырасты. Қайсыбірінің сөздерін құлағы шалып та жүрді. «Шынымен-ақ айта ма екен, осылар?». Халит осынау сауалды өзіне-өзі әлденеше қоюмен болды. Әркім өз ақылымен емес пе. Тоқтамды байламы жас жігітті ұшқалақтыққа апармады. «Жас болса бір сәрі. Оңды-солын таныған азаматтар ғой шетінен».

Ол орнынан асығыс ұшып түрегелген күйі терезе алдындағы сөреден қажетті қағаз-кітаптарын іздеді. Әншейінде көзге ұрып тұратын «Сельхозмашинаның» қолға ілінбеуін қарашы. Өзімен өзі сөйлесіп жүрген оның соң-

ғы күбірі ап-анық естілді. «Жер жұтып кетті ме, әлгінде ғана тұрған тәрізді еді...»

— Қай кітапты іздеп жүрсің, а? Болат курстасының қиналғанын жазбай аңғарды.

— «Селхозмашинаны» көрдің бе?— деген Халит сонда.

— Жиырма жетінің жігіттерінен сұрашы. Сергеа іздеп жүрген-ді.

— Кітапханаға барайын, бірер сағат болсын бетіне қарағаным жөн шығар.

Халит сыртқа шыққанда көше шырақтары енді ғана біріне-бірі қосылып тұс-тұсынан жымындаса бастаған еді. Таудан лекіген кешкі самал өзара бой таластырған ақ балтырлы қайындардың жапырақтарын арудың шолпысындай сыңғырлатып тұр. Сылдырлап аққан арық сулары сыңғыр-сыңғыр күледі, зыр қағып жүгіреді. Ерсілі-қарсылы толассыз жүйткіген машиналар легі де қызыл жарықтың тұсында сәл-пәл іркілген бойы алға зулайды.

Астана кеші. Күндізгісінен де әсем. Көп ретте зер сала бермейтін түнгі қала бейнесі жігіт қиялын шарықтатып жіберген. Шындығында өмірдің өзі — үлкен ағыс, мәңгі қозғалыс. Бір орнында тоқтап қалмақ емес. Ертенге, болашаққа қол созған әрбір жан тәулікті тәулікке жалғап келеді.

Қай сәттерде тым саяз ойлап, өмір тұңғиығына еркін құлаш сермей алмайтынымыз анық. Әсіресе, біздерге, жалынды жастарға алаулап тұру тән. Жастық жігер, өмірге деген құлшыныс пен іңкәрлік қашанда өз аясын кеңейте берері сөзсіз. Күні кешегі жастар өмірге әкелген игі бастамалар өрісін айтсаңшы. Бастама көкжиегі тың асуларға шақыра бермек. Қомбайн штурвалына отырып, диқанның маңдай терімен жайқалған алтын астығын ысырапсыз дер кезінде жинап алуды жауапты міндеттеріне алған студенттердің жан сүйсінтер игілікті

істеріне бүкіл республика қуанды. Бұл — нағыз ерлікке пара-пар бастама-тын. Ал, осынау жақсы бастама тұңғыш рет біздің ауыл шаруашылық институтында дүниеге келіпті. Қандай қуаныш! Енді міне, үшінші жыл тың төсіне сапар шекпек отрядтың бір мүшесімін. Тағы бір сын — еңбек емтиханы күтуде. Дала аудиториясы үшінші еңбек семестрінің қоңырауын соғар сәт те жақын. Ең бастысы өмір ағыстарына ілесуде ғой...

Халиттың қос жанары кітапта болғанымен, ойы сансаққа жетелей берген. Қиял құсын заңғарларға самғатқан. Орта мектепті бітірісімен туған ауылда еңбек етті. Кішкентайынан темір-терсекке үйір боп өскен ол механизаторлар курсына оқыды. Содан кейін Отан алдындағы абыройлы борышы — әскери міндетін атқарған екен. Осы бір жылдар ішінде балаң жігіт әжептәуір есейіп қалды. Оны есейткен өмірдің өзі-тін. Еңбек әліп-песінің парақтарын ерте ашқан Халитқа тың төсінде, дала қаһармандары арасында жұмыс істеу сондай қызық көрінді. Ерен еңбектерімен ерлік шежіресін жазып жатқан диқандардың ортасында болуға асықты. Алтын алқапта қалқыған дала кемелері көз алдына жетіп те келген. Шексіз де шетсіз астық теңізінде комбайн штурвалына отырып, жал-жал із тастап жүрген студенттер керуенінің бел ортасында кетіп бара жатқандай әсерде. Ол осылайша ой орманын шарлай бермек пе еді...

Баяу ғана дызылдаған қоңырау даусы іле-шала тағы қайталады. Халит сағатына қарады. Он минутсыз он бір. «Уақыттың ұрланып жылжуын-ай...» Үлкен оқу залындағы сүттей ұйыған тыныштық нілдей бұзылды. Кітаптарын, газет-журналдарын қайта тапсырған жұрт абыр-сабыр. Тағы да асығыс адамдар. Халит кітабын өткізіп далаға шыққанда қаланың әсем түні әлгіндегіден де сұлу көрінген. Қызыл-жасылды нұрға шомылған астананың жүрегі лүп-лүп соғып тұрғандай. Ол автобус күпестен жатақханаға жаяу тартты...

Жазғы сессияны аяқтаған отряд мүшелері Торғай облысына аттанды. Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылығы институтының механикаландырылған студенттер отряды Торғай тыңына қатарынан үшінші жыл келеді. Орталарын думанға бөлеген жастардың дені астықты алқапқа алғаш жол тартқандар. Көп ішінде Халит те бар. Оларға өз ақыл-кеңестерін айтып, тың жайлы сыр шертушілер — осында еңбек жазын екінші рет өткізген студенттер. Эшелон тоқтаусыз зулап келеді. Поезд донғалақтары дамылсыз зырылдайды.

Бұл жолы да тамаша дәстүр бұзылған жоқ. Астана-лық студенттер алғашқы күннен-ақ дара көрінді. Орақ басталғанға шейін жеке бір-бір комбайнды күрделі жөндеуден өткізген де студент жастардың өздері. Еңбек сүйгіш жастар орақты да үлгілі аяқтады. Жоспарларын орындамаған бірде-бір студент-комбайнер болмайды. Таңды таңға жалғаған механизатор жігіттер тәжірибелі диқандардың нық сапынан табыла білді. Қазақстандық жаңа миллиард Отанды өз шашуымен қуантты. Қатарынан екінші жыл. Есіл ауданының «Красный Запорожец» совхозында еңбек еткен Халит Ғасанов та тыңға алғашқы жыл келуіне қарамастан айрықша көзге түсті. Оқу озаты дала аудиториясында да үздік дараланды. Тікелей комбайнмен жоспардағы 240 гектардың орнына 285 гектар жердің астығын бастырды. Әр гектардан 16 центнерден алтын дән құйды. Еңбектес достары да осы межеден шығып жатты. Дән тасқыны толассыз тасқындай түсті. Миллиард — шашу бар жүректерді билеткен. Халит үшін алғашқы үшінші семестр жазының қуанышы тым бөлек. Қазақстандық жаңа миллиард студенттік шежіреге тағы бір ұмытылмас парақты осылайша қосты.

Бұл — жетпіс үшінші жылдың жазы еді...

Мен оны институтқа екі күн іздеп бардым. Бірақ, жолығының сәті болмады. Оқу корпусында да, жатақханада да жөн сұрасқан бейтаныстарымның кез келгені оны танитын болып шықты. Бәрінен бұрын осыған қатты қуандым.

— Әлгінде ғана комсомол комитетінде отырған.

— Кітапханаға кетіп бара жатқанын өз көзіммен көрдім ғой.

— Екінші парды осы корпуста оқыған болатын.

Мінеки, ол жайында естір сөздерің. Әсіресе жоғарыдағы жауаптардың иелері әр факультеттің, әр курстың студенттері екенін білгенде еріксіз таңдандық та. Студенттердің көп ретте өз курстастарынан басқаларды жыға тани бермейтіні белгілі жай. Бұл үшін оларды кінәлай да алмаймыз. Үлкен білім ордасындағы жүздеген, мыңдаған студент жастардың бірін-бірі біле беруі мүмкін емес. Сөйтседе мен болашақ кейіпкерімнің есімін де, өзін де бүкіл институт білетініне көзімді анық жеткіздім. Тек жүздескенше асықтым. Оның кескін-келбетін қиялымда өзімше сомдаймын. Жыл сайын жазғы семестрін тың ерлерінің ортасында өткізуді тамаша дәстүрге айналдырған механизатор-студент хақында біраз жайға сырттай әбден қанықпын десем артық болмас. «Жақсы адамның артынан әрқашан да жақсы сөз ілесе-ді» деген нақыл орынды айтылған-ау. Институт комсомол комитетіне бас сұққан сәттен-ақ Халит Ғасанов тұрасында жылы лебіз естідік.

Жастар жетекшісі комсомол комитетінің секретары Дуанабаев Тастан институттың механизатор-студенттер отрядының негізгі атқарған, тындырған ауқымды жұмыстарын әңгіме өзегі еткен. Жеті-сегіз жыл тарихы бар механикаландырылған отрядтың шежірелі өмірбаянының бедерлі парақтарынан саналатын алуан-алуан

қағаздарды, дипломдар мен грамоталарды рет-ретімен таныстырды. Институттың комбайншы жігіттері әр жылдар жеңіп алған Қызыл тулар мен вымпелдерді де мақтаныш сезіммен көрсеткен. Әрине, осынау табыстардың оп-оңай қолға ұстатпағанын тебірене әңгімелеген секретарь бірінші болып аузына құрыш қолды жігіттердің аты-жөндерін алған. Бірінен соң бірін тізбелей жөнелген. Орақ озаттары атанған комбайншы-студенттердің дала аудиториясында тындырған еңбек көрсеткіштерін цифр тілімен сөйлетті. Мінеки, екпінді еңбегімен дараланып, жеңімпаз атанғандардың алғашқы сапында Халит есімі де айтылды.

— Мехфактың студенті Халит Ғасанов егін орағына үшінші рет қатысып отыр. Оқу озаты еңбек майданында да үздік көрінді. Студенттеріміздің мерейлі істері — институт абыройы. Одан бұрын Халиттың қазақстандық қос миллиардқа қатысуы — үлкен қуаныш, үлкен бақыт. Қомбайн штурвалына отырған алау жас тың төсінде нағыз тәжірибелі механизаторларша еңбек етті. Жарыс көшін бастаған комбайншы жігіт отрядтағы басқа студенттерге де өзінің ақыл-кеңесін айтып, көмегін көрсетуден әр кез жалыққан емес. Өйткені Халит институтқа дейін шоферлік курсты бітіріп, туып-өскен ауылында еңбек тезінен өткен. Шоферлік мамандығы Отан алдындағы борышы — Совет Армиясы қатарында қызмет етіп жүргенде де серігі болғаны аян. Іскер де тәжірибелі жас жігітке үлкен сенім артқан институт оған үнемі жауапты жұмыстарды жүктеп отырды. Соның бір айғағы — Халиттың студенттердің механикаландырылған отрядының аудандық штабына командир болып тағайындалуы. Әрине, комбайншы куәлігін алғанның бәрі бірдей бес аспап мамандарша еңбек етіп кете бермейтінін айтқан жөн. Теориялық білімді практикамен қат-қабат ұштастырып іліп әкету үшін сөз жоқ тәжірибе керек. Ал, еңбек баспалдақтарынан өткен Халитта тәжірибе баршылық. Ең-

бекті ұтымды ұйымдастыру қашанда биік көрсеткіштерге бастары сөзсіз. Миллиард жылы Халит басқарған отряд мүшелері де жоғары табыстарға қол жеткізді. Биік табыс сырын командирдің өз аузынан естігеніңіз абзал.

Бұл пікір де орынды секілді. Біздер де Халиттың өзімен жолыққанды жөн көрдік...

* * *

Ол сөйлеп отыр. Әлсін-әлсін көзіне түсе берген қою қара шашын қолымен сипай қайырып қояды. Жанарын терезеден алар емес. Ақбас Алатаудың заңғар шыңы жігіт қиялын бір сәтке сонау қиянға алып ұшқандай. Тағы да үнсіздік. Жалықпайтынын да сеземін. Өйткені, оның сөзге сараң, салмақты мінезі біраз жайдан хабар беріп-ақ тұр. Алма-кезек қойған сауалдарыма қайырған жауаптары да нақ-нақ. Тасқындап сөйлемейді де. Қазіргі үнсіздігі де — «енді қандай сұрағыңыз бар?» деп тұрғандай. Шындығында солай ғой. Әдеттегі «Қайда туып өстің?», «Болашақ арманың?», «Институтқа дейін не істедің?» секілді үйреншікті сауалдарды шұбырта бергенді қойып, негізгі шаруаның бағыт-бағдарын сездірдім.

— Халит, егін орағынан қалай оралдыңдар. Қазақстандық жаңа миллиардта да сенің отрядыңның да өзіндік үлесі бары күмәнсыз. Сондықтан диқан қауым арасында өткізген күндеріңе үңілсең қайтеді. Қысқасы отрядтың «Үшінші еңбек семестрі» жайлы білгіміз келеді.

Ол күні бойы байқамаған мінез көрсетті. Тіптен күтпеген жайт. Езуіне де күлкі үйіріліп келген. Мөлдір қара көздері де ұшқын атады. Жайнап тұр. Орнынан ұшып тұрды да, аядай бөлмеде ерсілі-қарсылы қозғала бастады. Сөз тиегін еркін ағытып жібергеніне қарағанда әркімнің-ақ осы бір сұрақты күтіп отырғаны-ау деп ойлары хақ.

— Иә... республикамыз қуаныш үстінде — Советтік Қазақстан Отанымызды тағы бір жаңа миллиардымен қуантып отыр. Алтын дән шашуы тау-тау болып биіктеп барады. Көгілдір көктемнен басталған диқанның мазасыз тәуліктері ұлан жазға ұласты. Молшылық жолындағы күрес алтын дән аялаушылар үшін қыраулы қыс күндерінен басталары белгілі. Сақылдаған сары аязда тың төсінде жал салып, қар тауларын орнатқан әр механизатордың мақсаты — ертеңгі молшылық. Су — тіршілік көзі. Диқан қауымының қар тоқтату жұмыстарына аса жауапкершілікпен мән беруі тектен-тек емесін бүгінгі кез келген студент жақсы түсінеді. Өйткені, қыс айларында біздің институтымыздағы тәрізді көптеген жоғары оқу орындарында болашақ комбайншы-студенттер арнаулы курстарда оқиды. Техниканың жұмбақ сырын оқып, меңгеру үшін білімді мамандардан лекция тындаған студенттер әр сабақты, әр сағатты құр жібермеуді ойлайды. Осы уақыттарда оларға қар тоқтатып жүрген механизатор жайында да егжей-тегжейлі әңгіме болатыны сөзсіз. Бұл жайды біздердің баршамыз басымыздан өткіздік кезінде. Енді мінеки, маржан дән сапырған сары ала күз. Берекелі, ырысты күз. Диқанның маңдай терімен өнген алтын дәнді көрсеңіз шіркін! Көңілге қуаныш ұялатар да — осынау мазасыз маусым.

— Үшінші рет тың топырағын бастым. Әр жылдың өз әсері, өз жаңғырығы бар. Бүгінде көтерілген тың — түлеген тың... Студент қауымы үшін егін жайда еңбек ету — нағыз романтика. Өйткені, молшылық үшін, нан үшін күрес тек жалын-жігер мен ерлік еңбекті ғана керек етеді. Жастар жүрген жерде әрдайым із қалады. Алау жастық қол таңбалары сонадайдан мен мұңдалайды. Мәңгі есімнен кетпес студенттік күндерімнің көбі тыңға байланысты болып қалатынына еш күмәным жоқ. Жыл жаңғырықтары жүрегімде сайраулы. Жетпіс үшінші жылы алғаш рет Торғай облысының Есіл ауданына

жол түсті. Дала аудиториясы — «Красный Запорожец» астық совхозының егін жай алқабы. Қыр төсінен лекіген салқын самал егін теңізін шайқайды. Бадана басты, жез мұрт масақтар ауыр найқала ырғалады. Егін жайда миллион толқын бірін бірі қуалайды. Қоз алдымыздан кетпес жанды сурет — мәңгі сурет. Оның аты — Астық мұхиты. Совхоздың орталық шеберханасында практикалық сабақтар өтеміз. Қыстайғы алған теориялық білімімізді іс жүзінде сынар шақ — жауапты кезең. Қомбайншы куәлігін қолымызға ұстайтын сәттен сүрінбей өту отряд мүшелерінің басты мақсаты. Отрядтағы 24 студент екі-екіден өздеріне берілген комбайндарды күрделі жөндеуден өткізуі керек. Сөйтіп әрқайсысы құрыш қолдарымен қаз тұрғызған дала кемелерімен егістікке шығады. Тағатсыздана күткен бұл күнді неге ұмытальық. Белгіленген 240 гектардың орнына 282 гектар жердің астығын бастырып, тамаша көрсеткішке ие болу бүкіл шаруашылық диқандарын елең еткізді. Әсіресе совхоздың маңдай алды диқаны, тәжірибелі механизатор Юрий Коречковтың қуанышы шексіз-ді. Оның да өзіндік сыры бар. Өйткені ол дала кемесінің штурвалын ұстаған ең алғашқы күннен-ақ әр қадамымызды жіті қадағалаған ұстаз-жетекшіміз. Әр гектардың түсімі 16 центнерге жеткізілді. Сондай-ақ бұл көрсеткіштерге отрядтағы көптеген механизатор-студенттер де үздік еңбектерінің нәтижесінде қол жеткізді. Сөйтіп, тыңға келген тұңғыш сапарымыз жемісті де жеңісті болды. Қазақстан Отан қамбасына миллиард пұт астық құйды. Демек, біздің де жетпіс үшінші жылғы миллиардта өзіндік үлесіміз барына мақтанамыз...

Халиттың қойын дәптерін парақтап отырмын. Үзік-үзік жолдар... Әсерлер. Жүрек түкпірінен шыққан қай сөздерді болсын тебіренбей оқымауыңыз мүмкін емес. Әлгінде әңгіме тиегін ағытқан ол, көкейіндегі ойларын, өткен күндер іздерін шешіле өрбіткен. Оның әрбір сөзі-

нен айрықша мақтаныш сезімінің білініп тұрғанын аңғарасың. Алау жүрек дүрсілін ап-анық естіп тұрғандай әсерге бөленерің даусыз. Дала қаһармандарының сенімді қолқанаты болғандарын биік мерей санайтынын да жасырмаған. Араға бір жыл салып механикаландырылған отряд құрамында тағы да егін орағына қатысқанын әңгіме арасында айтқан. Одан бұрын естен кетпес жетпіс алтыншы жылдың алтын орағы жайында шертер сыры мол.

Өйткені бұл қазақстандық бесінші миллиард жылы еді. Ал жаңа миллиард ауыл шаруашылығы институтының студенті Халит Ғасановтың екінші миллиарды. Иә, ол екінші миллиардқа қатысып отыр. Ендеше сөз тізгінін механизатор студентке ұстатайық.

«...Күн тас төбеден күліп тұр. Көк күмбезінде қалқыған тоқымдай-тоқымдай ақша бұлттар әншейіндегі жосылуын ұмытқандай бір орындарында қалқып қалған. Өйткені ауада «үп» етер леп байқалмайды. Студенттер отырған поездың да зулап келе жатқанына екінші күн. Доңғалақтар әуені дамылсыз зырылдайды. Болат жол жеткізбей алға жетелеп келеді, жетелеп келеді... Телефон бағаналары да үздіксіз қалып жатыр. Бұрыннан таныс жол бедерлері көзге ыстық көрінеді. «Адам баласы көрмеймін деген жерін үш мәрте көреді деген» шын екен ғой. Бір емес, екі емес... үшінші рет... Тың өлкесіне, Торғай даласына үшінші рет келе жатырмын. Таныс орта өзіне жеткізгенше тағатсыздандыра ма қалай?!» Әйтеуір жұдырықтай жүрегімнің кеудеме сыймай тулағаны анық. Таныстарыммен жүздескенше асықтым. Әлсін, әлсін вагон терезесінен көгілдір көкжиекке жарыса көз тігеміз. Қол бұлғаған күйі маңғаз қарағайлар қалып жатыр, қалып жатыр. Арагідік жол жиегінен басталған егістік алқап, толқыған теңізді елестетеді-ау. Бадана дәнді масақтардың бастарын көтере алмай, баяу ырғалар күні де таяу. Егін жайда еңбек дабылы қағылып,

дүбірлі шақтың басталарын күткен диқан қауымы жауапты науқанға тас-түйін дайындық жүргізуде. Дала кемелерін ораққа сақадай-сай шығару—нысаналы мақсат. Осыдан біздің механизатор жігіттеріміз де жеке-жеке комбайндар қабылдап алып, күрделі жөндеуді бір ай бойына жүргізеді. Әрине, бұл да — үлкен сын. Ал сыннан сүрінбей өту қашан да жастық жігерін талап етеді. Еңбек десе жанып тұратын жаны жаз жастар отрядымызда көп-ақ. Біздің де сеніміміз бен үмітіміз сол жігіттер. Әнеки, олар ұзын жолдың бойында да орталарын думандатып келеді. Ән әуені поезд доңғалақтарымен жарысып келеді. «Студенттердің өз планетасы бар...» асқақ естілген ән жолдары тың төсін шарлап кеткен... Жол таусылар емес...»

Бас көтермей оқи бергің келеді. Көңілден шыққан жүрек сөзі. Сондықтан да болар күнделік бетіндегі кез келген жолды толқымай оқи алмайсыз. Соншалықты жаныңа жақын, соншалықты жаныңа жылы естіледі. Тамаша бір әсерге бөлейтін де жаз жанғырықтары. Романтикаға толы студенттік жылдар әсерлері бір сәтке болсын сол бір дала аудиториясын есіне түсірер еді. Бұл күйді біздер де кешкендейміз. Ыңғайсызданғаны ма, жоқ әлде артық лепірме сөзді жаны жек көре ме? Халит әңгіме арнасын негізгі бағытқа бұра берген.

— Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауыл шаруашылық институтының студенттері Торғай астығын дер кезінде әрі ысырапсыз жинап алуға жеті жылдан бері қатысуда. Жеті жыл... Тың төсіне бауыр басып қалған тәріздіміз. Жылма жыл келгендіктен де болар-ау. Студенттер үшінші еңбек семестрін облыстың Есіл, Жақсы, Қима аудандарының астықты алқаптарында өткізіп жүр. Оныншы бесжылдықтың беташар жылының егінін жинап алу үшін құрыш білек жігіттер алғашқы күннен еңбек үлгісін танытты. Біздің 295 мүшесі бар механикаландырылған отряд Есіл ауданының 15 шаруашы-

лығында еңбек көрігін қыздырды. Бірінші курсты бітірген 168 комсомолец өндірістік практикасын дала төрінде өткізіп, комбайншы куәлігін үлкен ораққа аттанар алдында қолдарына алды. Есілдегі № 61 кәсіптік-техникалық училищесінің оқытушыларынан ұйымдастырылған арнаулы комиссия студент-механизаторлардың теориялық білімдерін практикалық жағымен қатар таразылаған. Ұтымды тәжірибе көкжиегі кеңейе бермек әр кез.

94 студент тікелей комбайн штурвалына отырса, 107 жігіт көмекші болып жұмыс істеді. 18 жігіт слесарь, 34 жігіт моторист мамандығын атқарды. Сондай-ақ трактор руліне 7 студентіміз отырып, жарқылдаған отыз жігіт қырман басындағы алуан-алуан техникалардың үздіксіз жұмыс істеп тұруын қадағалады. Осылардың өзінен-ақ механизатор жастарымыздың жұмыстарының сан қырлы екенін байқау қиын емес. Баршасының ортақ девизи — екпінді еңбек. Жалындап жүру жастарға тән. Орақ басталғанға дейін студенттер 239 комбайнды жөндеуден өткізіп, дайындық сапына сақадай сай қойды. 280 маток, 6 трактор және 92 әр түрлі ауыл шаруашылығы машиналары күрделі жөндеуден өткізіліп, студенттің құрыш қолымен қаз тұрды. Сонымен олар үлкен науқанды жан-жақты әзірліктермен қарсы алды.

Басқа аудандардағы отрядтардың жауынгерлерін жарысқа шақырған институт студенттері «Отанға—студенттік екі миллион пұт астық!» деген ұранмен еңбек етті. Аудандағы егін орағы штабы механизатор-студенттерге өз көмегін көрсетіп отырды. Олардың жұмысына жүйелі түрде басшылық жасап, күнделікті іс-жоспарларымен жіті танысуды күн тәртібінен түсірген жоқ. Ауданның «Қарақол», «Двуречный», «Жаныспай», Маяковский атындағы совхоздарда егін орағына жан-жақты әзірлік өте ұтымды ұйымдастырылған. Дала дабылы қағылысымен-ақ студенттер де тәжірибелі диқандардың сапында тың төріне шықты. Олар комбайн штурвалында

да нық отырды. Бозала таңнан қас қарайғанша тіпті түннің бір уағына дейін дала кемесінен түспеді. Қайқайсысы болсын еселі еңбек үлгісін көрсетуді, күндік жоспарларын артығымен орындап шығу үшін бойларындағы барлық күш-жігерлерін жұмсай білді. Орақ озаттары да алғашқы күннен дараланып көзге көрінді. Әсіресе, «Бұзылық» совхозында еңбек еткен комбайншы-студент Ибрагим Ғазиевтің алтын орақтағы қарқынды қимылы басқаларға өнеге болды. Әр механизатор-студенттің күндік жоспары 23 гектар егін ору болса, ол оны үш есеге асыра орындауды тамаша дәстүрге айналдырды. Демек, Ибрагимнің күнделікті межесі — 60—80 гектар. Егін орағы сөреге жеткенде жас жігіттің есебінде 1000 гектарға жуық орылған егін болуы айрықша мақтанарлық емес пе?!

Сондай-ақ «Дальний» совхозының № 1 бригадасында еңбек еткен «Алтын дән» отрядының жауынгері Сергей Сидоров та жарыс көшін бастады. Ол кәнігі механизаторларша жақсы ісімен танылды. Оның әріптестерін басқа шаруашылықтардан да көптеп жолықтырамыз. Виктор Гибулин 708 гектар жердің егінін орып, 688 тонна астық бастырды. Жас маманның бұл көрсеткішіне «Двуречный» совхозының еңбеккерлері дән риза. «Алма-Атинский» астық совхозының егін жайында тәулікті тәулікке жалғаған механика факультетінің студенттері Нұхтар Үмбетәлиев 270 гектар жердің егінін орып, 260 тонна маржан дән бастырды, ал Болат Аймұхамбетов — 383 тонна, Евгений Таранов — 276 тонна астық бастырып, дала ерлерін биік көрсеткіштерімен қуантты. Бір қызығы жұп жазбаған үш дос тыңға екінші жаз келіп отыр.

Айта берсек, жан сүйсінтер жарқын істер өзекті әңгіменің алтын арқауы болып өрілері анық. Соның бірі — студенттердің мәдени өмірі, күнделікті тұрмыс тынысы. Қашан да студент серігі — өнер. От өрім жастар жүрген

жер — думанға толы. Шарықтаған ән мен шалқыған жыр толқыған егін жай үстінде қалқыды. Күн ұзаққа бір тынбай, жұмыс істеп, кешкілік қос басына жиналған диқандар мен механизаторлардың алдына шығып, концерттер қойған өнерпаз студенттерге диқандар шын ықыластарын білдіріп, мейір-шуағын төкті. Дала сахнасындағы концерттер біріне бірі ұласқан. Жымындасқан жұлдызды аспан аясында әсем ән шырқап тұрған жастардың әлгінде ғана комбайнда отырғанын көрген алдыңғы толқын ағалар жүрек тереңінен шыққан лебіздерін білдіруге асығады. Сондағы баршасының айтар ортақ тілегі — «Жарайсындар, жігіттер! Рақмет!»

Сонымен қатар әр түрлі тақырыптарға лекциялар оқу, жергілікті тұрғындарға медициналық көмек көрсету де отряд жоспарынан түскен жоқ. Күн тәртібіндегі көрсетілген міндетті жұмыстардың дер кезінде қалай орындалғанын аудандық штаб үздіксіз қадағалап отырды. Үшінші семестрдің естен кетпес әсерлері мол-ақ. Студенттер өздері ұйымдастырған жексенбілікті есте ұмыта қоймас. Механизатор-студенттер бұл күні ауыл мектебін жеңіл жөндеуден өткізсе, екінші бір отряд мүшелері оқу-консультациялық пункттің жұмысын жандандырып жоғары оқу орындарына түсемін деуші талапты ауыл жастарына бағыт-бағдар сілтеді. Мұның өзі біздің жігіттеріміздің тек қана еңбек етумен бірге сан қырлы толып жатқан жұмыстарды өзара ұштастыра жүргізудегі іскерліктері мен қабілеттерін айқындап бергені даусыз. Басты мақсат та — осы болатын.

Жаңа миллиард көл-көсір қуаныш сыйлады. Торғай облысының егіншілері 112 миллион пұт астық сатқанын естігендегі қуанышымызды айтып жеткізу мүмкін емес. Өйткені, қазақстандық жаңа миллиардта студенттік миллиондар да бар ғой.

Жаз аудиториясының қорытындысы шығарылып, жемісті еңбегіміздің нәтижесі біздерді де серпілтіп таста-

ды. «Алма-Атинский» совхозында еңбек еткен «Масақ» отряды жеңімпаз атанып, арнаулы Қызыл туды иеленді. «Жаныспай» совхозында болған «Аққу» мен «Сұңқар» отрядтары («Қарақол» астық совхозы) екінші үшінші орындарды бөлісті. Отрядтардың барлығы да облыстық комсомол комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды. Егін орағының көптеген озаттарына бағалы сыйлықтар берілді. Сондай-ақ Жақсы, Қима аудандарында еңбек жазын өткізген институттың механизатор студенттері де табыстың тай қазанын тасытты.


Сөз түйінінде Есіл аудандық студенттердің механикаландырылған отряды штабының сапа және тиімділік бесжылдығының бет ашар — Миллиард жылында атқарған жұмыстарын цифр тілімен сөйлетіп көрелік. Сонымен:

- механикаландырылған отрядқа 295 студент мүше;
- олардың адрестері — ауданның 15 шаруашылығы;
- Аттары — «Алтын дән», «Масақ», «Аққу», «Сұңқар», «Романтика» тағы, тағылар;
- механизатор студенттер 17866 гектар жердің астығын жалға түсірді;
- Тікелей дала кемесімен 4084,8 гектар жердің егін орды;
- 179558 тонна! Мінеки бұл бастырылған алтын дән;
- 2340 гектар жердің зябын жыртты;
- 4100 тонна мал азығын дайындады;
- 1931 гектар жердің сабанын жинады;
- 76315. Бұл — игерілген жұмыстың бағасы.
- ал ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеуден түскен табыс — 22576 сом!

Мінеки, цифрлар осылайша сөйлейді. Әрине, осынау цифрлар оңайшылықпен сап түзей салмағаны белгілі. Бұл — күн-түн моншақтатып төккен маңдай тер! Бұл — мазасыз сәттер мен ұйқысыз тәуліктер! Иә, бір сөзбен айтар болсақ бұл — Екпінді еңбек!

Студенттің құрыш қолымен тұрған астық таулары — беташар жылдың егін орағына қатысқан әр студенттің көз алдында. Ал миллиардтан шашу шашқан тебіреністі сәттерде ауыз толтырып айтар сөз — әр студенттің көкейінде. Ол — «қазақстандық жаңа миллиардта менін тамшыдай болса да үлесім бар, маңдай терім бар!» Асқақ та, лепті естілер осынау сөзді үш рет егін орағына қатысқан, екі миллиардтың куәсі болған студент жігіт Халит Ғасановтың аузынан есту қандай ғанибет!

Оның омырауында жарқыраған «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі естен кетпес студенттік жылдардың мәңгі символы болып қала бермек...



Жастарды еңбекке баулудағы ғажайып тәрбие мектебіне айналып отырған «үшінші семестрдің» бүгінгі таңда қалыптасқан тамаша дәстүрі мен өзіндік жолы бар. Өрісті бастама көкжиегі құлашын кеңге самғаған. Еңбек семестріне қатынасушылар саны да жылма-жыл артып отыр. Студенттік отрядтар сапында дала аудиториясында еңбек дүбірін еселей түскен кешегі құрыш қолды студенттер — бүгінгі сан алуан мамандық иелері. Олар өндірістің кез келген саласында үлкен еңбек өмірбаяндарын толтырып жүр. Әрине, бір кездегі олар көтерген игі бастама жалауың кейінгі лек алға көтеріп барады... Тағы да студенттер планетасы еңбек дабылын қақты. Бұл — оныншы бесжылдықтың үшінші жылының еңбек жазы. Бұл жаз студенттік отряд мүшелерінің кейбірі үшін тұңғыш саналса, қайсыбір жастардың екінші-үшінші... еңбек жазы... Бір ғажабы қай-қайсысының болсын мақсаттары ортақ. Ол — еңбек. Ал алау жүрек жігіттер мен қыздардың үшінші еңбек семестрінде тындырған ерен еңбектерін осы кітаптың өзегі ете отырып, сыр шерттік. Білімге іңкәр, еңбекке іңкәр романтиктер толтырар студенттік жылдардың шежірелі парақтары қалыңдай береді, қалыңдай береді.

Иә, студенттік меридиандар сайрап жатыр.

М А З М Ұ Н Ы

Білім. Романтика. Арман! Студенттік баспалдақтар	5
«Үшінші семестр» немесе студенттердің өз планетасы	10
Еңбек дүбірі толастамайды. Бесжылдық және студент	21
Штурвалда — студент. Бастама көкжиегі кеңейіп барады	30
Миллиард жаңғырықтары немесе нан туралы толғау	37
Студенттік миллиондар. Алтын таулар биіктей береді	46
Бастама иелері жайлы бірер сөз	57
Үш егін орағына қатысқан жігіт және оның замандастары жайлы сыр	66
Сөз соңы	82

СТУДЕНЧЕСКИЕ МЕРИДИАНЫ

Жанат Елшибеков

(на казахском языке)

Редактор *А. Сейдалиева*. Художник *В. Кожбеников*.
Фото *В. Скулова*. Худ. редактор *В. Логинов*.
Техн. ред. *А. Ткаченко*.
Корректор *М. Иргебаева*.

Сдано в набор 16/II-1978 г. Подписано к печати 26/V-78 г.
Бумага тип. № 3. Формат 70×108¹/₃₂ Объем 2,625 п. л. Усл.-печ. л. 3,67.
Уч.-изд. л. 3,345. Тираж 2700 экз. Цена 10 коп. УГ15278.

Издательство «Мектеп», Государственного комитета Совета Министров
КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли
г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 99а.

Заказ № 1391. Типография оперативной и билетно-бланочной продукции
производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП»
Государственного комитета Совета Министров КазССР
по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 15/1.

10 т.